




ISSN 2522-9648

ИНСТИТУТ РАЗВИТИЯ
МЕЖРЕГИОНАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА

НАУКА И БИЗНЕС

МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

№1, 2020



ИНСТИТУТ РАЗВИТИЯ МЕЖРЕГИОНАЛЬНОГО ПАРТНЕРСТВА

**МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЭЛЕКТРОННЫЙ
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
«НАУКА И БИЗНЕС»**

www.gpa.kz

№ 1 (2020)

СВИДЕТЕЛЬСТВО

**о постановке на учет периодического печатного издания, информационного
агентства и сетевого издания**

№16178-Ж

СБОРНИК НАУЧНЫХ ТРУДОВ

Нур-Султан 2020

Главный редактор: Нурболатов Б.К.

Редакционная коллегия

Раздел гуманитарно-экономических наук:

Жолдасбекова Акбота Ниязовна

Казахстан
кандидат политических наук, Проректор по
международным связям и инновациям, ЕНУ имени Л.Н.
Гумилева

Пунит Гаур

Индия
Associate Professor, CRRID, CHANDIGARH, Директор
Центра «Г-Глобал и Великий Шелковый путь» ЕНУ
имени Л.Н. Гумилева. Главный редактор журнала

Ахмад Вахшитех

Иран
Assistant Professor, RUDN. Заместитель главного
редактора журнала.
Бусурманов Жумабек Дюсешевич
Казахстан
доктор юридических наук, профессор, директор НИИ
судебно-правовых и инновационных проектов
Академии правосудия при Верховном

Суде PK Seyit Ali Avcu

Турция
доктор Ph.D международные отношения / политология

Вильмур Аукен

Казахстан
Д.э.н., профессор

Мукашева Анар Абайхановна

Казахстан
Доктор юридических наук, профессор, заведующая
кафедрой гражданского и экологического права, ЕНУ
им.Л.Н.Гумилева ячейка 3

Gintaras Švedas

Литва
доктор юридических наук, профессор, Вильнюсский
университет

Айсин Сайкен Бакытович

Казахстан
кандидат юридических наук, ведущий научный
сотрудник, Институт законодательства Республики
Казахстан

Жусипова Бакыт Акылбаевна

Казахстан
кандидат юридических наук, доцент

Grant Christensen

США
ассоциированный профессор юридических наук,
Университет Северной Дакоты

Терехов Виктор

Литва
LLM, кафедра частного права, Вильнюсский
университет

Ирфан Шахзад

Пакистан
Редактор журнала «Policy Perspectives», Ph.D
Заместитель директора Института политических
исследований, Исламабад. Ph.D по специальности
«международные отношения и политология».

Мандана Тишеяр

Иран
Acting director, Institute of Iran and Eurasia Studies (IRAS)
& Faculty member, ECO Colleague, Allameh Tabataba'i
Univerisity (ATU)

Марина Лапенко

Россия
Кандидат исторических наук, доцент кафедры
международных отношений и внешней политики
России, СГУ им. Н. Г. Чернышевского

Ариель Гонзалес

Аргентина
MA Organizing Committee Chair Eurasia-Latin America
Conference

Пауло Ботта

Аргентина
Chair, Eurasian Studies, la Plata University

Итир Токсоз

Турция
President EUPRA

Хенрик Баллинс

Нидерланды
Professor, member of Council, EUPRA

Раздел естественно-технических наук

Жусипбеков Аскар Жагпарович

Казахстан
доктор технических наук, профессор, заведующий
кафедры "Строительство", ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Байдабеков Ауез Кенесбекович

Казахстан
доктор технических наук, профессор, заведующий
кафедры инженерной графики и дизайна, ЕНУ
Л.Н.Гумилева

Акчурин Айсултан Анварович

Казахстан
кандидат технических наук, Управляющий директор АО
"Байтерек девелопмент"

Каргин Джумат Бейсембекович

Казахстан
кандидат физико-математических наук, доцент,
директор департамента коммерциализации технологи

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Бердімұхамед А. А. Техникалық мәтіндерді аударудағы қиындықтар	4
Асқар А. Л. Аудармашы құзыреттілігі және оның маңызы	7
Кидирбаев Д. М. Анализ методов проектирования блок-схем обработки данных	10
Кидирбаев Д. М. Разработка математической модели проектирования модульных блок-схем обработки данных	13
Амангельды М. М. Саяси дискурс аударудың ерекшеліктері.....	17
Нурахмет А. П. Отандық медицина терминдерінің зерттелу жағдайы, перспективалары ..	21
Анисимова Я. А. Применение конформных отображений.....	26
Амантаева А. Қ. Қазіргі аударматанудың даму бағыттары	30
Мамбетназарова Ф.Ж. XX ғасырдығы қазақ аударма теориясының лингво-коммуникативтік жіктелуі	35
Ашетаева М. Д. Лингвокультурные аспекты перевода лакун	40
Кемелхан А. М. Особенности перевода художественного текста с корейского языка на казахски	49
Нурболатов Д. Особенности назначения и производства судебно-экономических экспертиз по запросу адвоката в рамках уголовного дела.....	54

ӘОЖ 81`25

Бердімұхамед Аян Азаматқызы

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ студенті

«М056- Аударма ісі, ілеспе аударма (ғылыми-педагогикалық)»

Алматы, Қазақстан

berdimukhamed@gmail.com

Ғылыми жетекшісі:

PhD, қауымдастырылған профессор Асанова Гүлнар Сайрамбековна

**ТЕХНИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ АУДАРУДАҒЫ ҚИЫНДЫҚТАР
ПРОБЛЕМЫ ПЕРЕВОДА ТЕХНИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ
TECHNICAL TRANSLATION: CHALLENGES TO OVERCOME**

Аңдатпа: Мақалада техникалық мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару барысында туындайтын негізгі мәселелер қарастырылған. Бүгінгі күні қазақ тіліндегі ғылыми-техникалық әдебиеттерге деген сұраныстың артуы аударма технологиясын жақсарту мен салалық техникалық терминология құрастыруды талап етуде. Ал техникалық аударма түпнұсқа мен аударма тілдерін жетік меңгеруді ғана емес, техникалық мәтіндер стилін, салалық терминология білімін қажет етеді. Мақалада техникалық мәтіндерді аударудың негізгі мәселелері бойынша аталған тұжырымдар техникалық мәтіндерді ағылшын тілінен қазақ тіліне аудару мәселесін әрі қарайғы зерттеу жұмысының негізі болып табылады.

Түйін сөздер: техникалық аударма, эквиваленттілік, мәтін, терминология, транслитерациялау, транскрипциялау, калькалау.

Аннотация: В статье рассмотрены основные проблемы, встречающиеся при переводе технических текстов. На сегодняшний день повышение спроса на научно-технические тексты порождает необходимость развития технологии перевода и создания отраслевой технической терминологии. Сам технический перевод требует от переводчика не только владение иностранным и родным языком, но и знания в области стилей технических текстов, отраслевой терминологии. Выводы сделанные в данной статье относительно главных проблем перевода технических текстов являются основой для изучения темы перевода технических текстов с английского на казахский язык.

Ключевые слова: технический перевод, эквивалентность, текст, терминология, транслитерация, транскрипция, калькирование.

Abstract: The article describes the main problems faced in translation of technical texts from English into Kazakh. Today due to increasing demand in scientific-technical literature in Kazakh language, it became necessary to enhance translation technologies and create technical terminology by fields. Technical translation is not only about being fluent in source and target languages it also requires knowledge in technical texts' style and specialized terminology. The findings concerning the technical translation problems made in this article provide a basis for further research on this issue.

Keywords: technical translation, equivalence, terminology, transliteration, transcription, calque.

Адам өміріндегі әркімге іс-әрекеттерге сай мәтін стильдері де бірнешеге бөлінеді. Тілдік стильдер «қарым-қатынас барысында белгілі бір қызметке ие және нақты бір нәтижеге мақсатталған, үйлестірілген және өзара байланысқан жүйе» ретінде анықталады [1]. Стильдер адам өміріндегі өзгерістер мен прогреске сай әрқашан даму үстінде болады. Соның бірі – ғылыми-техникалық стиль. А.Б. Барсақбаеваның пікірінше, «Ақпараты бар мәтіндер аудармасы ақпараттық аудармаға жатады. Бұл аударманың негізгі мақсаты оқырманға эстетикалық әсер ету емес, тек информация, ақпаратты жеткізу» [2]. Соңғы жылдары технология мен арнайы мамандықтар қарқын алғандықтан бұл стиль өз ішінде көптеген жаңа арнайы стильдерге тарады. Бүгінгі күні ғылымның әр саласының өз терминологиясы бар. Сондықтан техникалық аударма – аударманың ең қиын түрлерінің бірі. Ол аударманың басқа түрлерінен арнайы терминологиясымен мазмұндау стилімен ерекшеленеді. Бұл туралы А.Н. Паршин: «ғылыми-техникалық стильдің бір қасиеті – ғылыми-техникалық материалдардың лексико-грамматикалық ерекшеліктері, терминология мен арнайы лексиканың жетекші рөлі» дейді [3]. Техникалық аудармашыға тіл білімімен қатар аударма негізделген салалық білім қажет.

Ғылыми және технологиялық даму техникалық ақпарат ағымының қиындауымен қатар мамандандырылған ғылыми және техникалық аудармаға деген талаптарды күшейтіп, оларды зерттеудің жаңа бағыттарын іздестіруге итермелеуде.

Аударманың бұл түрі өзіндік ерекшелікке ие болғандықтан, техникалық құжаттаманы сапалы аудару үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Бұл ерекшелік техникалық мәтіндер белгілі бір технологиялық үрдісті баяндау үшін туындағандықтан, аудармашының қандай да бір мұқиятсыздығы келеңсіз жағдайларға әкеп соғатындығында. Сондықтан техникалық құжаттар аудармасы түпнұсқа мәтіннің мағынасын ерекше мұқияттылықпен жеткізуі аса маңызды. Әрқилы, тіпті аса қиын техникалық әдебиеттің аудармасы аударма тілінде түсінуге оңай және семантикалық жағынан анық болуы тиіс.

Техникалық аударма - техникалық және арнайы құжаттама аудармасы. Бұл арнайы тәсілдерді қолдануды талап ететін аударманың ең қиын түрлерінің бірі. Техникалық аударма еркін аударма емес, онда эмоциялық тұжырымдамалар мен бағалау мүлдем жоқ. Жоғары дәрежелі техникалық аударма түпнұсқа құжаттың стилін сақтауды талап етеді. Барлық ғылыми және техникалық құжаттарға тән белгілер: қысқа әрі нұсқа баяндау, техникалық терминологияны қатаң сақтау, ақпараттың логикалық байланысы, бірмағыналылық және фактілерді сипаттаудағы дәлділік [4]. Техникалық аудармашы аударма тақырыбының саласында аса білімді болып, терминдерді еркін түсініп, қолдана алуы тиіс. Бұл әртүрлі ғылыми және техникалық салалардағы терминдердің бірнеше мағына беруімен тығыз байланысты. Аудармашы мәтінді жақсы түсініп ғана қоймай, мәтін стандарттарына сай дұрыс аударуы қажет. Сондықтан түпнұсқа тілі мен аударма тілдерін бірдей жоғары деңгейде меңгеру аса маңызды [5].

Техникалық аударма техникалық мәтіндерді «аудару» деген көзқарас бар. Бірақ «техникалық» мәтін концептісінің өзі екіұшты. Ғылыми мәтіндер техникалық қасиеттерін сипаттап қана қоймай, ғылыми, экономикалық, саяси немесе басқа да салалармен ұштасады. Ғылыми және техникалық прогрестің ерекшелігі арнайы терминологияның бір саладан екінші салаға таралуында. Мысалы, байланыс жүйелері саласындағы техникалық мәтінді аудару барысында телекоммуникация, радиоэлектроника, микроэлектроника, инженерия, т.б. арналған салалық және түсіндірмелік сөздіктерді қатар қолдану қажет. Ал техникалық аударма үрдісіндегі жаңа терминологияның қалыптасуы – қазіргі күннің ең үлкен мәселелерінің бірі.

Расында да ғылым мен технологияның дамуы - күн сайын жаңа сөздер мен терминдердің жарық көруінің бірден-бір себебі. Нәтижесінде, аудармашы жаңа техникалық терминдерді аударма тіліне аударуда қиындықтарға тап болады. Себебі түпнұсқа тілі мен аударма тілі терминологиялық дамуы жағынан бірдей аяқ баспайды. Мысалы, құрылыс және архитектура тілі күннен күнге жаңаруда. *Absorber*, *gabion*, *kaolinite* терминдерінің қазақ тілінде эквиваленттері жоқ. Бұл жағдайда аудармашы транслитерация немесе транскрипциялау тәсілдерін қолданса, аударма толыққанды түсінікті болуы екіталай. Сондықтан бұл аударма саласындағы ең қиын мәселе деп танылып, терминология техникалық аудармашы үшін негізгі қиындық ретінде қарастырылуда.

Терминдердің лексикалық құрамындағы ерекшеліктердің бірнеше объективті лингвистикалық себептері бар: кейде тілдердің грамматикалық табиғатының салдарынан құрамына зат есім немесе атаулар тобы кіретін ағылшын тіліндегі құрылыс саласының терминдерін қазақ тіліне морфо-синтактикалық өзгерістерсіз аудару мүмкін емес: *node point* – түйіндік нүкте, *tile hip* – валмалы жабыңқыш, *gauge sock* - сусынағыш кран, *trade effluent* - өнеркәсіптік ақпасу, *velocity head* – жылдамдықтық тегеурін. Бұл факт аудармада транскрипция, транслитерация мен калькалауды эквивалентсіз терминологияны аударудың мәжбүрлі тәсілдері ретінде қолдануға мүмкіндік береді: *excavator* – экскаватор, *circulation* – циркуляция, *cistern* – цистерна, *facade* – фасад, *gas-holder* – газгольдер. Мұндай сөздер «кірме сөздер» деп аталады. Дегенмен, құрылыс саласындағы терминдер аудармашының тағы бір практикалық қиындығы бар: ол аудармашыдан ағылшын тілімен қатар қазақ тілінің де терминдерін түсінуін талап етеді. Мысалы, *moving-from construction* – кергіш құрылымдар, *register of building work amount* - жұмыс көлемдерінің тізімдемесі, *roof batten* – торлау, *Y-voltage* – фазалық кернеу, *design concept* – құрылымдық шешім. Сол себепті қате аудармаға жол бермеу мақсатында калькалау тәсілін ерекше сақтықпен қолдану аса маңызды.

Техникалық мәтіндерді аудару, сондай-ақ техникалық жоғары оқу орындарында шет тілін оқыту барысында тіларалық ұқсас синонимдер, омонимдер мен паронимдерді салыстыру мәселесі туындайды. Екі тілде айтылу және графикалық формалары жағынан ұқсас, бірақ әртүрлі мағына беретін сөздер аудармашыны шатастырулары мүмкін: «*simulation programme*» тіркесі «үлгілеуші

бағдарлама» деп аударылады. Сондай-ақ тіларалық паронимдер туралы ұмытпаған жөн. Паронимдер – формалары жағынан ұқсас болмағанымен, қате ассоциациялар тудыратын, мағыналары әртүрлі сөздер. Аудармашылар тілінде бұл сөздерді false friends (жалған достар) деп те атайды. Мысалы, «abstract» сөзі еріксіз түрде «абстракттылы» сөзімен ассоциацияланады, бірақ техникалық аудармасы – 1) жерді пайдалану туралы құжат; 2) лифт қондырғысына тапсырыс бланкі.

Жоғарыда аталған мәселелердің салдарынан техникалық тілдегі ассоциацияланатын сөздердің стилистикалық сипаттамаларының нақты және жорамалды айырмашылықтарының тізімін жүргізу қажеттілігі туындайды. Осы типтес көптеген сөздердің аудармадағы стилистикалық айырмашылықтары өзара ауыстыруға мүмкіндік бермей, аударма мағынасын бұрмалайды: мысалы, budget building design – құрылыстық смета, actual working time – пайдаланудың нақты ұзақтығы секілді құрылыс терминдері басқа аудармамен ассоциацияланады. Техникалық, ғылыми-техникалық мәтіндерді аударуда «аудармашының жалған достары» мәселесі өзіндік ерекшеліктерге ие. Бұл ерекшелік сандық әрі сапалық сипаттамада айқын байқалады. Халықаралық терминдер осы топтағы сөздердің көп бөлігін құрайды (мысалы, market – нарық, design – дизайн, style – стиль, т.б.).

Ал аударма барысындағы лингвистикалық қиындықтар жайлы сөз қозғалғанда, грамматика мен лингвистикалық құрылым мәселелері аталады. Аудармадағы грамматикалық мәселелер екі деңгейлі: морфология және синтаксис. Морфология біріктіру, модуляция мен терминалмасымды зерттесе, синтаксис сөйлемдегі сөздердің орналасуы мен байланысына көңіл бөледі. Тілдің синтактикалық құрылымы белгілі бір тілде хабарлама берілу жолына қарай әртүрлі мағыналардың берілуіне негіз болады. Жалпы, тілдегі таңдаулар екі түрлі: грамматикалық және лексикалық. Аудармада осы екі таңдау арасындағы ең маңызды ерекшелік – лексикалық нұсқалар ерікті болса, грамматикалықтары міндетті болатындығында. Тағы бір ерекшелігі - грамматикалық құрылымдар лексикалық құрылымдарға қарағанда әлдеқайда тұрақты, өзгерістерге көне бермейді. Тілді жаңа сөздер, терминдер мен концептілермен толықтыру оның қандай да бір грамматикалық құрылысын немесе жүйелерін өзгертуге қарағанда айтарлықтай оңайырақ. Яғни, тілдің грамматикалық жүйелеріндегі өзгерістер жасырын болса, лексикалық өзгерістер қайта кодталуға икемді келеді.

Техникалық мәтіндерді аудару мәселелері техникалық терминдердің лексикалық құрамының күннен күнге баюымен қоса артуда. Аталған сөздердің қатарының өзгеруі жаңа кірме сөздер мен олардың қолданылу аясының кеңеюімен түсіндіріледі. Жаңа кірме сөздердің пайдалануда ағылшын тілінің жоғарыда аталған ерекшеліктерімен байланысты көптеген қателіктер (грамматикалық, орфографиялық, орфоэпиялық) орын алады. Олар өз кезегінде қате аударма тууына жол ашу қаупі жоғары. Мысалы, «site» – «жер телімі» құрылыс терминін «сайт» жаңа кірме сөзімен шатастыру оп-оңай.

Ең жиі жіберілетін қате ретінде қазақ тілінде аудармасы бар, шетелдік кірме сөздерді бұрыс қолдану танылады. Тағы бірі – тыңдаушыны ақпараттың маңыздылығымен «тұншықтыру» мақсатында кірме сөздерді асыра пайдалану. Себебі қазақ тілінде аудармасы қалыптасқан сөздің орнына оның шет тілдегі эквивалентін қолданудың мәтіннің сапасы мен аудармашының дәрежесіне нұқсан келтіру қаупі зор. Сонымен, бұл мақалада техникалық мәтіндердің басқаларынан ерекшелігі, оларды аударудың қиындықтары, ағылшын мен қазақ тілінің терминологиясындағы мәселелер құрылыс және сәулет өнері саласының мысалдарын қолдана отырып, талқыланды. Нәтижесінде жиі кездесетін, мәтіннің мағынасына әсер ететін лексикалық, стилистикалық айырмашылықтар атап өтілді.

Әдебиеттер:

1. Miššiková, Gabriela. *Linguistic Stylistics*. Nitra: Filozofická Fakulta Univerzity Konštantína Filozofa, 2003. – 114 б.
2. Барсақбаева А.Б. *Аударма негіздері: оқу-әдістемелік құрал* / А.Б. Барсақбаева. Қостанай, 2017. – 14 б.
3. Паршин А. Н. *Теория и практика перевода*. М.: Русский язык, 2000. - 62 б.
4. Bassnett, Susan. *Translation Studies 3rd Edition*. 1980. New York: Routledge, 2002. – 23 б.
5. Baker, Mona. *In Other Words. A coursebook on translation*. New York: Routledge, 2006. - 15 б.
6. Калькова З.Ш., *Терминологический англо-русский словарь-справочник для инженерно-строительных и архитектурных специальностей*. Алматы: КазНТУ имени К.И.Сатпаева, 2012.
7. Н.Ж. Майтина, И.М. Макарихина, *Англо-русско-казахский терминологический словарь для студентов архитектурно-строительных специальностей*. Павлодар : Кереку, 2008.

ӘОЖ 81`25

Асқар Аяулы Лхагвадоржқызы

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ студенті

«М056- Аударма ісі, ілесне аударма (ғылыми-педагогикалық)»

Алматы, Қазақстан

ayaulu.askarova@gmail.com

Ғылыми жетекшісі:

PhD, қауымдастырылған профессор Ермагамбетова Алмаш Садықовна

АУДАРМАШЫ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ ПЕРЕВОДЧЕСКАЯ КОМПЕТЕНЦИЯ И ЕЕ ВАЖНОСТЬ TRANSLATION COMPETENCE AND ITS IMPORTANCE

Аңдатпа: Бұл мақалада жоғары кәсіби білім беру жүйесіндегі негізгі құзыреттіліктің өзектілігі қарастырылады, отандық және шетелдік ғылымдағы кәсіби құзыреттілікті анықтаудың әртүрлі тәсілдері талданады. Автор әр адамның өмірінде негізгі кәсіби құзыреттілікті орындайтын кәсіби құзыреттіліктің компоненттерін, функцияларды келтіреді.

Түйін сөздер: жоғары кәсіби білім, қабілет, түйінді құзыреттіліктер, аударма ісі, педагогика, аударма теориясы мен әдістемесі, оқыту және тәрбиелеу.

Аннотация: В данной статье рассматривается актуальность основных компетенций в системе высшего профессионального образования, анализируются различные способы определения профессиональных компетенций в отечественной и зарубежной науке. Автор перечисляет компоненты и функции профессиональной компетентности, которые выполняют основные профессиональные компетенции в жизни каждого человека.

Ключевые слова: высшее профессиональное образование, умения, ключевые компетенции, перевод, педагогика, теория и методика перевода, обучение и воспитание.

Abstract: This article examines the relevance of basic competencies in the higher vocational education system, analyzes different ways of determining professional competences in domestic and foreign science. The author lists the components and functions of professional competence that perform the basic professional competences in the life of each person.

Keywords: higher professional education, skills, key competencies, translation, pedagogy, theory and method of translation, training and education.

Құзыреттілік (лат. competere — сәйкес келу, жақындау) - маманның (қызметкердің) белгілі бір кәсіби тапсырмаларды шешуге жеке қабілеті. Сондай-ақ, құзырет деп компания қызметкерлерінің жеке, кәсіби және т.б. қасиеттеріне (немесе қызметкерлердің қандай да бір тобына) формальды сипатталған талаптар түсініледі.

Құзыреттілік түрлерінің жиынтығы; берілген пәндік саладағы тиімді қызмет үшін қажетті білім мен тәжірибенің болуы құзыреттілік деп аталады (ағылш. competence).

Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының табыстылығы оның азаматтарының білім деңгейімен анықталады, осыған байланысты Қазақстандық жоғары кәсіби білім берудің қазіргі даму кезеңінде түлектерді кәсіби даярлауға жаңа талаптарды орнатуда тұрақты үрдістер байқалды. Азаматтық бейбітшілік пен әлеуметтік тұрақтылықты қамтамасыз ету, жаңа ұрпақты әлеуметтендірудің қолайлы режимін құру қазіргі заманғы әлемнің үдемелі өзгергіштігі жағдайында болып жатқан жаңғыртудың қазіргі кезеңінде ерекше маңызды бөлігі.

Құзыреттілік тәсіл-қазіргі уақытта аударма саласында ғана емес, сонымен қатар социологиялық және басқарушылық ғылымдарда да күш алып келе жатқан зерттеу бағыты. Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне кіруге ұмтылуына және Болон процесіне қатысуға байланысты құзыреттілікті зерттеу өзекті сипатқа ие.

Негізгі құзыреттілік-бұл мәдениетаралық және салааралық білім, білік әр түрлі кәсіби қауымдастықтарға бейімделу және өнімді қызмет ету үшін қажетті қабілеттер.

Құзыреттілік тәсілдің негізгі идеясы – білім берудің басты нәтижесі-бұл жеке білім, білік және дағды емес, әр түрлі әлеуметтік маңызды жағдайларда адамның тиімді және өнімді іс- әрекетке қабілеттілігі мен дайындығы. Бұл тәсіл адамның білімін үнемі толықтырып, жаңартып отыру, іскерліктер мен дағдыларды жетілдіру, оларды бекіту және қызмет процесінде және

болашақ кәсіби қызмет үшін қалыптасатын құзыреттілікке айналдыру қажеттілігін қалыптастыруды көздейді.

Аудармашының кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың дидактикалық жүйесі білім алушылардың кәсіптің қажеттілігі мен одан әрі кәсіби өзін-өзі дамыту мүмкіндігімен анықталатын кәсіби маңызы бар құзыреттіліктер жиынтығын дамытуға бағытталған.

Аударма құзыреттілігі-аудармашыға тілаларлық және мәдениетаралық коммуникация актісін жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кәсіби дағдылар мен біліктерді қамтитын күрделі көп өлшемді лингвомәдени санат.

Аудармашылық құзыреттілікке аудармашының тілдік, ағымды, коммуникативтік, техникалық және жеке сипаттамалары кіреді.

Аудармашының тілдік құзыреттілігі тіл тасымалдаушыға тән тілді меңгерудің барлық аспектілерін қамтиды, бірақ сонымен қатар бірқатар ерекшеліктерді білдіреді. Аудармашы тілдің жүйесі, нормасы мен аясы, оның сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысы туралы, тілдік пікірлерді құру үшін тіл бірліктерін пайдалану ережелері туралы есте сақтауы тиіс. Ол аударма процесіне қатысатын екі тілде де рецептивті, сондай-ақ өнімді жоспарларда да осы құзыретке ие болуы тиіс.

Адамдардың тіл көмегімен қарым – қатынасы өзіндік, күрделі жолмен жүзеге асырылады және тілді жеткілікті меңгеру-бұл коммуникация шарттарының бірі ғана. Коммуниканттар пікірдің тілдік мазмұнын қарым-қатынас жағдайынан және алдыңғы тәжірибе мен әлем туралы білімінен, яғни фондық білімден алатын ақпаратпен толықтырады.

Аудармашының тілдік тұлғасының құзыреттілік саласын қарастыра отырып, авторлар тілдік, лингвистикалық, тұрақты, коммуникативтік, дискурсивтік, техникалық, арнайы, технологиялық, ақпараттық-технологиялық және т. б. түрлері кездеседі. Соңғы зерттеулер бойынша ең маңыздысы ретінде аудармашының кәсіби құзыреттілігін құрайтын мәдени компонентті бөліп көрсету қажет деген тезис жиі айтылады. Кәсіби құзыреттіліктің мәдени- бағытталған компоненттерінің қатарына әлеуметтік мәдени, лингво-мәдени, мәдениаралық және этникалық құзыреттер жатады.

Шеберлігі мен дағдыларын егжей-тегжейлі көрсете отырып, бір дағдыны "қосу" мүмкін екенін атап өткен маңызды, бұл іскерліктер кәсіби құзыреттіліктің әртүрлі құрылымдық компоненттеріне кіре алады. Мысалы, электрондық ресурстарды жылдам пайдалану дағдысы мынадай іскерліктерді өзектендіру үшін қажет болуы мүмкін: бұл лексикалық бірлікте (лингвомәдени құзыреттіліктің операциялық блогы); б) тілдік (риторикалық компетенцияның операциялық блогы); в) лексикалық үйлесімділікті анықтау (стратегиялық компетенцияның операциялық блогы); және т. б. құзыреттіліктің 6 саласы ұсынылады: лингвистикалық, тақырыптық (пәндік), мәдениетаралық, технологиялық, ақпараттық және аударма қызметтерін қамтамасыз ету (translation service provision).

Алғашқы үш құзыреттіліктің мазмұны өте жақсы белгілі және түсінікті, ол көптеген конференциялар мен жарияланымдарда кеңінен талқыланды, нақтылануы, толықтырылуы, түзетілуі мүмкін, бірақ жалпы ол туралы біздің көзқарасымыз айтарлықтай өзгертілмейді. Осы себепті біз соңғы 3 құзыреттің мазмұнына тоқтауды жөн көрдік.

Аудармашының ақпараттық - технологиялық құзыреттілігі-аудармашының кәсіби құзыреттілігін дамытудың міндетті шарты болып табылатын компьютер көмегімен кәсіби аударма қызметін жүзеге асыру үшін ақпараттық ресурстар мен технологияларды, бағдарламалық және желілік құралдарды қолдану білімдерінің, біліктерінің, дағдылары мен қабілеттерінің жиынтығын білдіретін аудармашының кәсіби құзыреттілігінің ажырамас құрамдас бөлігі, кәсіби аударма қызметінде (жұмыс анықтамасы) одан әрі өзін-өзі жетілдіруге ықпал етеді.

Қазіргі аудармашының кәсібилігі көбінесе (MT және TM жүйелері, анықтамалық сайттар, жаңа коммуникация құралдарын білу (жылдам хабар алмасу бағдарламасы), жаңа жағдайларға бейімделуге дайын болу, өз дағдылары мен дағдыларын үнемі жетілдіруіне байланысты. Осыған байланысты ақпараттық құзыреттілікті қалыптастыру үлкен маңызға ие. С. В. Тришинаның пікірінше, ақпараттық құзыреттілік - " бұл жеке тұлғаның интегративті сапасы, іріктеу, игеру, қайта өңдеу, ерекше үлгідегі пәндік-спецификалық білімнің әзірлеу, қабылдау, болжау және іске асыру, трансформациялау және генерациялау процестерін бейнелеудің нәтижесі болып табылады.

Ақпараттық құзыреттілік өздігінен жаңа шешімдер қабылдау, ақпаратты өңдеу техникалық дағдылары, ақпараттық процестер мен модельдерді көзбен шолып ұсынумен операция жасауды қамтиды.

Осы зерттеудің мақсаты кәсіби аудармашыларға бұл жүйенің олардың қажеттіліктерімен қаншалықты үйлесімді екенін хабарлау болды. Алынған нәтижелер "тілдік құзыреттілік", "тақырыптық құзыреттілік "және" мәдениетаралық құзыреттілік "" аударма қызметтерін ұсыну құзыреттілігі", " ақпаратты өндіру құзыреттілігі "және" технологиялық құзыреттілік" санатында үш жоғары орынды иеленетінін көрсетті. Бұдан басқа, осы зерттеуде олардың үйлесімділігін ранжирлеуге сәйкес субкомпетенциялар зерттелді, соның нәтижесінде "бастапқы және мақсатты тілдердің тілдік құрылымдарын білуден" ең жоғары дәрежесі бар субкомпетенция ретінде ең төменгі дәрежесі бар субкомпетенция ретінде "аудармашының әлеуметтік рөлін сезінуге" дейін өзгеріп отыратын сараланған субкомпетенциялар сериясы алынды.

Неғұрлым үйлесімді құзыреттер мен субкомпетенцияларға бағдарлана отырып, аудармашыларды даярлаудың білім беру жүйелері болашақ аудармашыларды оқыту мен аударма нарығының болжамды қажеттіліктері арасында байланыс орната алады. Университеттік оқыту лингвистикалық құзыреттіліктің жоғары деңгейіне, пәнді білуіне, сондай-ақ бастапқы және мақсатты тілдің мәдени біліміне ие болатын студенттерді даярлауға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар, тыңдаушылардың аударма процесінде технологияны пайдалануды үйренуі және өз құзыреттерін дамытуы өте маңызды. Бәсекелестік нарықта клиенттердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету аудармашылар үшін өте маңызды. Сондықтан олар клиенттермен келіссөздер жүргізуге, олардың талаптарын нақтылауға және кәсіби этикамен қатар нарық талаптары мен стандарттарға сәйкес болу үшін өздерінің іскерлік құзыреттілігі мен коммуникативтік дағдыларын дамыту және жетілдіруі қажет. Жеке қасиеттер кез-келген адам қызметінде, соның ішінде аудармашы мамандығын табысқа жетудің кілті болып табылады. Сондықтан аудармашылар өзіне деген сенімділік, өзін-өзі таныстыру, Өзін-өзі бақылау, интуиция және т. б. сияқты қасиеттерге ие болуы керек. Сонымен қатар, салауатты өмір салтын дамыту және жұмыс пен жеке өмір арасындағы тепе-теңдікті орнату тағылымдамадан өтушілерге өзінің кәсіби және жеке өмірінде табысты болуға көмектеседі.

Бұл құзыреттер аудармашыларды даярлау бағдарламаларына семинарлар немесе жобалық курстар түрінде енгізілуі мүмкін, онда білім алушылар аудармашылар жобалар ментапсырмаларды орындауда өз әріптестерімен ынтымақтасатын болады. Олар өздерінің мақсатты контекстін модельдеуде тиісті коммуникативтік дағдыларды зерттейді, ол аударма нарығы болып табылады, онда олар құрдастарымен жұмыс істеуге тура келеді.

Әдебиеттер:

1. *Ветрова, О.Г., Красавина. О.И. Английский язык для студентов 2 курса механикомашиностроительного факультета Санкт-Петербургского политехнического университета. СПб., 2012.- 107 с.*
2. *Агапов, А.С. Прикладная лингвистика в контексте современного лингвистического образования / А.С. Агапов. <http://pn.pglu.ru/index.php?module=subjects&func=viewpage&pageid=64>. (25.06.2004).*
3. *Никифорова, Е. И. Формирование технологической компетентности учителя в системе повышения квалификации : автореф. дис. ... канд. пед. наук : 13.00.08 / Е. И. Никифорова. – Чита, 2007. – 23 с.*

УДК 004.942

Кидирбаев Дамир Майлашевич*Студент группы МИСн-18-1 «Алматинского университета энергетики и связи» имени**Гумарбека Даукеева**Алматы, Казахстан**kidirbayevd@gmail.com**Научный руководитель:**профессор доктор технических наук Казиев Галым Зухарнаевич***АНАЛИЗ МЕТОДОВ ПРОЕКТИРОВАНИЯ БЛОК-СХЕМ ОБРАБОТКИ ДАННЫХ
ANALYSIS OF METHODS OF DESIGNING BLOCK DIAGRAMS OF DATA
PROCESSING**

Аннотация: В статье проведен анализ формализованных моделей и методов проектирования модульных систем обработки данных.

Ключевые слова: модели, методы, система обработки данных, дискретное программирование.

Abstract: The article analyzes the formalized models and design methods of modular data processing systems.

Keywords: models, methods, data processing system, discrete programming.

Рассмотрены задачи предпроектного анализа предметной области, формирования исходных данных для проектирования систем обработки данных. Как правило, поставленные задачи сведены к задачам дискретного программирования, которые сложны и не часто позволяют решать задачи большой размерности. В статье приведен краткий обзор методов решения задач дискретного программирования (ДП).

В процессе решения задачи использованы методы системного анализа, теории графов дискретного программирования.

Основой любой автоматизированной информационной системы являются системы обработки данных (СОД). Системы обработки данных осуществляют сбор, хранение, поиск и обработку необходимых для решения прикладных задач данных с использованием процедур их обработки.

На этапе проектирования наиболее общим критерием синтеза оптимальных блок – схем модульных СОД является их сложность, которая на логическом уровне измеряется числом информационных взаимосвязей между программными модулями и массивами базы данных. При синтезе блок – схемы должны быть учтены основные характеристики и ограничения систем управления базами данных и вычислительных средств, на которых предполагается эксплуатация программного и информационного обеспечения.

В процессе проектирования модульных блок-схем обработки данных используются методы дискретного программирования (ДП).

Рассмотрим классические методы дискретного программирования.

Определим задачу дискретного программирования следующим образом.

Задачей дискретного программирования (ДП) будем называть задачу отыскания экстремума (max, min) скалярной функции, заданной на дискретном (несвязном) множестве, т.е. такую задачу математического программирования (МП), у которой на все или на часть переменных, определяющих область допустимых решений, наложено требование дискретности. Запишем задачу МП в виде:

$$\text{extr}\{f(x):x\}, \quad (1)$$

где $x=(x_1, \dots, x_j, \dots, x_n)$ -n-мерный вектор; $f(x)$ -скалярная функция; Ω -некоторое множество в R^n , $\Omega \subset R^n$.

Если k-конечное (или счетное) множество или декартово произведение конечного (счетного) множества на множество мощности континуума, то будет иметь место задача ДП. В этом случае условие принадлежности x некоторому множеству может быть записано в виде:

$$x_j \in \Omega_k, \forall j=1, n_1;$$

$$x \in \Omega, \forall j=1, n; \Omega \subset R^n; n_1 < n \quad (2)$$

При $n_1 < n$ - задача частично дискретного программирования.

Если Ω_k - множество всех целочисленных векторов, то имеет место при $n_1 = n$ - задача

целочисленного программирования (ЦП). А при $n_1 < n$ -задача частичного целочисленного программирования (ЧЦП).

В наибольшей степени изучены методы решения задач целочисленного линейного программирования (ЦЛП):

$$\text{extrm}\{(c, x): Ax < b, x \in \Omega\}; \quad (3)$$

Здесь Ω_1 - множество всех неотрицательных целых чисел, частный случай задач ЦЛП x_j задачи с булевыми переменными, где в (3):

$$x \in (0,1), \forall j=1, n_1;$$

В ряде задач ЦП требование целочисленности накладывается и на целевую функцию.

Прикладные задачи этих классов в свою очередь могут иметь различные математические постановки и методы их реализации. Поэтому развитие дискретного программирования осуществляется по следующей схеме: постановка прикладной задачи, разработка математической модели дискретного программирования, разработка метода (алгоритма) решения задачи.

Рассмотрим некоторые математические модели дискретного программирования и методы их решения.

Классическим примером моделей этого класса являются модели целочисленного линейного программирования, в которых переменными являются неделимые величины. Модели этого класса в свою очередь генерировали различные варианты постановки прикладных задач и определены как модели с неделимостями.

Следует отметить, что разработка моделей тесно связана с методом ее реализации, и наоборот разработка новых методов, в свою очередь, приводит к появлению новых моделей для постановки прикладных задач.

В задачах ДП методы их решения зачастую связаны с их математической постановкой и особенностями. Имеется большое число методов для решения этих задач. В этой связи целесообразно выделить следующие методы решения задач ДП: точные и приближенные. Среди точных методов наиболее распространены комбинаторные методы и методы отсечения.

Типичным примером комбинаторных методов является метод ветвей и границ. Суть данного метода заключается в направленном переборе допустимых решений на основе вычисления оценок. Основное этапы подхода заключается в следующем:

Исходное множество решений G разбиваются на подмножества g_i (процесс ветвления);

Для каждого из подмножеств g_i вычисляются значения оценок (нижние или верхние границы);

На основе выбранного значения оценок вычисляются допустимые решения.

Итерационный процесс ветвления по заданному правилу и вычисление оценок продолжается до тех пор, пока не будет получено оптимальное решение.

Идея метода отсечений заключается в следующем. Решается исходная задача. Если полученное решение удовлетворяет условию целочисленности, то задача решена. В противном случае к ограничениям исходной задачи добавляется новое линейное ограничение. Далее решается задача с дополнительно введенным ограничением. Итеративный процесс повторяется, до тех пор, пока не будет получено целочисленное решение.

Примерами успешной реализации методов отсечения являются алгоритм Гомори.

Вывод: любую прикладную функциональную задачу или систему можно представить в виде множества процедур обработки данных и связанных с ними информационных элементов. В этом случае задача состоит в группировке процедур обработки данных по программным модулям, а информационных элементов по массивам базы данных с интеграцией связей между модулями и массивами базы данных. Полученная в результате модульная блок-схема позволяет позволять кодировать программу по решению прикладной задачи по отдельным модулям с последующей интеграцией отдельных программ модулей в единую систему.

Литература:

1. *Корбут А.А., Филькейттейн Ю.Ю. Дискретное программирование. – М.: Наука, 1969.*

2. Сигал И.Х., Иванова А.П. Введение в прикладное дискретное программирование. –М.: ФИЗМАТЛИТ, 2002.
3. Сигал И.Х. Параметризация и исследование некоторых задач дискретного программирования большой размерности. –Известия РАН. Теория и системы управления. – 2001. №2. С.60-69.
4. Сигал И.Х. Приближенные методы и алгоритмы в дискретной оптимизации. МГУПС (МИИТ): учебное пособие. – М., 2000. 102 с.
5. Казиев Г.З. Блочно – симметричные модели и методы постановки и решения задач дискретного программирования. – Вестник Инженерной академии РК №2 (10). – Алматы, 2003. С. 55-59.
6. Казиев Г.З., Сагимбекова А.О., Набиева Г.С., Оспанова С.Б. Эффективный алгоритм решения блочно – симметричных задач. – Вестник КАЗ НТУ имени К.И. Сатпаева. – Алматы, 2003. №3/4 (37/38). С.310-315
7. Казиев Г.З., Набиева Г.С., Даутова Б.М. Декомпозиция прикладных задач и исходных документов систем обработки данных на этапе технического проектирования. – Научный журнал Министерство образования и науки «Изденіс –Поиск» серия естественно – технических наук. Алматы, 2012. №1 (1).С. 285-290
8. Казиев Г.З. Синтез модульных блок-схем в автоматизированных системах управления. – Автоматика и телемеханика – 1992.-С. 160-171-№11.

УДК 004.942

Кидирбаев Дамир Майлашевич*Студент группы МИСн-18-1 «Алматинского университета энергетики и связи»
имени Гумарбека Даукеева**Алматы, Казахстан**kidirbayevd@gmail.com**Научный руководитель:**профессор доктор технических наук Казиев Галым Зухарнаевич*

**РАЗРАБОТКА МАТЕМАТИЧЕСКОЙ МОДЕЛИ ПРОЕКТИРОВАНИЯ
МОДУЛЬНЫХ БЛОК-СХЕМ ОБРАБОТКИ ДАННЫХ
DEVELOPMENT OF A MATHEMATICAL MODEL FOR DESIGNING MODULAR DATA
PROCESSING UNITS**

Аннотация: в статье приведена разработка математической модели проектирования модульных блок-схем обработки данных.

Ключевые слова: блочно-симметричная модель, модуль, массивы базы данных, прикладные задачи

Abstract: the article describes the development of a mathematical model for designing modular data processing flowcharts.

Keywords: block-symmetric model, module, database arrays, applied problems.

Ряд прикладных задач: проектирования модульного программного обеспечения и массивов базы данных информационных систем, распределение программных модулей и массивов базы данных по узлам вычислительных сетей, выбор проектов в условиях ограниченных ресурсов можно сформулировать в виде нового класса задач – блочно-симметричных моделей дискретного программирования. В отличие от традиционных моделей модели этого класса позволяют формулировать задачи с несколькими типами переменных различной природы, проводить декомпозицию сложных задач на блоки с единой целевой функцией и разрабатывать эффективные алгоритмы, имеющие полиномиальную вычислительную сложность.

Сформулирована постановка задачи декомпозиции функциональных задач обработки данных и исходных документов в виде блочно-симметричной задачи дискретного программирования.

Для постановки задачи введем следующие обозначения. Пусть, $P = \{p; r = \Gamma, R\}$ –

множество процедур обработки данных для решения прикладных задач системы; $D = \{d_l; \overline{1, L}\}$ –

множество информационных элементов, необходимых для реализации процедур из множеств P .

На множестве $P \times D$ введем отношение W , определяемое матрицей $\|w_{rl}\|$, где

$$w_{rl} = \begin{cases} 1, & \text{если } l\text{-ый информационный элемент необходим для реализации } r\text{-й} \\ & \text{процедуры,} \\ 0, & \text{в противном случае.} \end{cases}$$

Необходимо синтезировать модульную блок-схему СОД путем распределения множества процедур по модулям обработки данных, множества информационных элементов – в логическую структуру базы данных и установить оптимальные взаимосвязи между модулями и логической структурой базы данных, минимизирующих число взаимосвязей между компонентами блок-схемы.

Введем следующие переменные:

$$x_{vr} = \begin{cases} 1, & \text{если } r\text{-ая процедура обработки данных распределяется в состав } v\text{-го модуля;} \end{cases}$$

$\{0, \text{иначе.}$

$$y_{lf} = \begin{cases} 1, \text{ если } l\text{-ый информационный элемент распределяется в } f\text{-й логический} \\ \text{массив базы данных;} \\ 0, \text{ иначе.} \end{cases}$$

Введем вспомогательные переменные:

$$\pi_{vl} = \begin{cases} 1, \text{ если } \sum_{r=1}^R x_{vr} \omega_{rl} \geq 1, \\ 0, \text{ если } \sum_{r=1}^R x_{vr} \omega_{rl} = 0. \end{cases}$$

Переменная отражает использование l -го информационного элемента v -м модулем, т.е. если хотя бы один информационный элемент обрабатывается r -ой процедурой, включенный в состав v -го модуля, то данный элемент также обрабатывается этим модулем.

$$q_{rf} = \begin{cases} 1, \text{ если } \sum_{l=1}^L \omega_{rl} y_{lf} \geq 1, \\ 0, \text{ если } \sum_{l=1}^L \omega_{rl} y_{lf} = 0. \end{cases}$$

Переменная отражает использование f -го массива данных r -ой процедурой, т.е. если процедура использует хотя бы один информационный элемент, включенный в состав f -го массива данных, то данная процедура использует этот массив.

Переменную отражающую взаимосвязь между модулями блок-схемы и массивами базы данных можно определить следующим образом:

$$z_{vf} = \begin{cases} 1, \text{ если } \sum_{r=1}^R x_{vr} q_{rf} \geq 1, \\ 0, \text{ если } \sum_{r=1}^R x_{vr} q_{rf} = 0; \end{cases}$$

либо,

$$z_{vf} = \begin{cases} 1, \text{ если } \sum_{l=1}^L \pi_{vl} y_{lf} \geq 1, \\ 0, \text{ если } \sum_{l=1}^L \pi_{vl} y_{lf} = 0. \end{cases}$$

Определение указанных переменных вытекает из свойства симметричности блочно-симметричных задач.

Задача проектирования модульных блок-схем систем обработки данных (МСОД) формулируется следующим образом.

Необходимо синтезировать модульную блок-схему путем распределения множества процедур по модулям обработки данных, множества информационных элементов – в логическую структуру базы данных и установить оптимальные взаимосвязи между модулями и логической структурой базы данных, минимизирующих число взаимосвязей между компонентами блок-схем.

При этом должны быть учтены такие требования, как ограниченность размеров модулей и

логических массивов базы данных, отсутствие дублирования процедур в модулях и информационных элементов в логических массивах.

Математическая постановка задачи имеет вид:

$$\Phi(X, Y) = \sum_{v=1}^V \sum_{r=1}^R \sum_{l=1}^L \sum_{f=1}^F x_{vr} w_{rl} y_{lf} \rightarrow \min \quad (1)$$

при ограничениях:

– число процедур в составе каждого модуля блок-схемы

$$\sum_{r=1}^R x_{vr} \leq k_v, \quad v = \overline{1, V}, \quad (2)$$

где k_v - допустимое число процедур в v -ом модуле;

– включение отдельных процедур обработки данных в состав одного модуля

$$x_{vr} + x_{vr^1} = 1, \quad v = \overline{1, V}, \quad (3)$$

для заданных r и r^1 ;

– дублирование процедур в модулях блок-схемы

$$\sum_{v=1}^L x_{vr} = 1, \quad r = \overline{1, R}, \quad (4)$$

– размер записи массива базы данных

$$\sum_{l=1}^L y_{lf} \leq N_f, \quad f = \overline{1, F}, \quad (5)$$

где N_f - допустимое число информационных элементов в записи f -го массива данных;

– дублирование информационных элементов в массивах базы данных

$$\sum_{f=1}^F y_{lf} = 1, \quad l = \overline{1, L}, \quad (6)$$

– число информационных элементов, обрабатываемых каждым модулем

$$\sum_{l=1}^L \pi_{vl} \leq p_v, \quad v = \overline{1, V}. \quad (7)$$

Сформулированная задача относится к новому классу задач дискретного программирования - блочно-симметричным задачам с булевыми двухиндексными переменными.

Целевую функцию (1) блочно-симметричной задачи разработки модульной блок-схемы удобно представить в матричной форме.

$$\Phi(X, Y) = \sum_{v=1}^V \sum_{f=1}^F z_{vf} \quad (8)$$

или

$$Z = XWY. \quad (9)$$

Решением задачи (1)-(7) является множество булевых матриц $\{X, Y, Z\}$, в котором X - состав модулей блок-схемы, Y - состав массивов базы данных блок-схемы, Z - взаимосвязи между модулями и массивами базы данных блок-схемы, а также оптимальные значения целевой функции $\Phi(X, Y)$.

Литература:

- 1 Казиев Г.З., Набиева Г.С., Оспанова С.Б. Многокритериальные блочно- симметричные задачи дискретного программирования . – Труды международной научно-практической конф. «Состояние, проблемы и задачи информатизации в Казахстане», посвященной к 70-летию КазНТУ им. К.И. Сатпаева и 10-летию Международной Академии Информатизации (МАИИ). - Алматы: РИО, 2004. С.258-263.
- 2 Мамиконов А.Г., Ашимов А.А., Кульба В.В. Оптимальные модульные системы обработки данных. Алма-

ата: Наука, 1981

3 *Кульба В.В., Мамиконов А.Г. Задачи модульного построения ИСС // Тез. Докл. и Сообщений на Всесоюзной конференции по измерительным информационным системам (ИСС-77). Баку: АзиНЕФТЕХИМ, 1977. С. 10-11.*

4 *Кульба В.В., Мамиконов А.Г., Косяченко С.А., КуКазиев Г.З. Задачи формализации и автоматизации модульного проектирования систем обработки данных. М.: Ин-т проблем управления, 1978. Вып. 16. С. 5-18.*

5 25. Кротюк Ю.М., Федюшенко И.В. Вероятностные модели синтеза программного обеспечения модульных систем обработки данных РВ // Система программного обеспечения АСУ. Минск: ЦНИИТУ, 1976. Вып 4(38). С. 124-133.

ӘОЖ 81'25

Амангелды Мадина Мухитқызы

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ студенті

«М056- Аударма ісі, ілесе аударма (ғылыми-педагогикалық)»

Алматы, Қазақстан

miwakoyooko@gmail.com

PhD, қауымдастырылған профессор Асанова Гүлнар Сайрамбековна

САЯСИ ДИСКУРС АУДАРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА ПОЛИТИЧЕСКОГО ДИСКУРСА FEATURES OF THE TRANSLATION OF POLITICAL DISCOURSE

Аннотация. Мақалада саяси дискурс ұғымына жалпы талдау жүргізіліп, бүгінгі таңдағы саяси дискурс аудармасына қатысты өзекті мәселелер қарастырылады. Саяси дискурс аудармасының ерекшеліктері мен қыр-сырын ескере отырып, саяси бағыттағы аудармашыға қойылатын талаптар көрсетілген.

Түйін сөздер: дискурс, саяси дискурс, саясат, аударма, аудармашы, БАҚ, саясаткер, аударма ерекшелігі.

Аннотация. В статье дается общий анализ концепции политического дискурса и рассматриваются актуальные вопросы, связанные с переводом политического дискурса на сегодняшний день. С учетом особенностей и нюансов перевода политического дискурса указаны требования к переводчику политнаправленности.

Ключевые слова: дискурс, политический дискурс, политика, перевод, переводчик, СМИ, политик, особенности перевода.

Abstract: The article gives a general analysis of the concept of political discourse and discusses current issues related to the translation of political discourse today. The requirements for the political orientation translator are indicated taking into account the peculiarities and nuances of the translation of political discourse.

Keywords: discourse, political discourse, politics, translation, translator, massmedia, politician, features of translation.

Қай заманда болмасын саясат қоғам өмірінде үлкен рөл атқарып келеді. Соңғы жылдары саяси дискурс мәселелері көптеген ғалымдардың назарын аудартып, зерттеу нысанына айналды. Қазіргі таңда жаһандану қоғам өміріндегі әрбір салаға әсер етуіне байланысты, саяси дискурсқа да өз әсерін қалдыруда. Саяси дискурс саласын түсіну үшін, ең алдымен дискурс ұғымымен танысып алған жөн.

Жалпы «дискурс» ұғымы француз тілінде «discurs» - сөйлеу, ал ағылшын тілінде «discourse» - талқылау, лебіз, сөйлеу деген мағынаны білдіреді. Кез келген мәтін талқылауға түскенде дискурсқа айналады, яғни, дискурс дегеніміз – қандай да бір мағыналы, құнды іс- әректің тілдік түсіндірмесі. Адамдардың тілдік қарым-қатынасы нәтижесінде мән-мағынаға ие болып, сөз бен ойдың бірлігін анықтайды.

«Дискурс» термині жеке сала ретінде алғаш рет ХХ ғасырдың ортасында Э.Беневист еңбегінде «сөйлеуші тарапынан айтылған сөз» ретінде [2, 139-б], ал Ю.Хабермас болса, дискурсты қарым-қатынастың ерекше түрі, арнайы диалог ретінде түсінген. Дискурс қатысушылар арқылы жүзеге асады деген болатын [3, 234-б]. Дискурс ұғымының анықтамасын ғалымдар түрліше түсіндіреді, соның ішінде ауызекі тіл, сөз сөйлеу, мәтін деп те қарастырады.

Дискурс ұғымы тіл біліміндегі антропоцентристік бағытты ұсынған көптеген арнаулы салалардың, яғни, социолингвистика, когнитивті лингвистика, психолингвистика, нейролингвистика, паралингвистика, прагмалингвистика және тағы да басқа салалардың дербестенуіне байланысты айрықша маңызға ие болды. Осы салаларға байланысты дискурс ұғымына деген интерпретациялар алуан түрлі болып келеді, және дискурс ұғымында нақты бір ғана анықтама бар дегенге келмейді, себебі дискурс саласы әлі күнге дейін зерттеліп, ғалымдар тарапынан анықтамалар мен түсініктемелерге толығып отыр.

Кең таралған анықтамалардың арасында Т.А. ван Дейктің анықтамасы бойынша, «дискурс өзінің кең мағынасында тілдік форманың – мағына мен іс-әрекеттің күрделі бірлігі. Ол өз кезегінде

коммуникативтік акт тұрғысынан жан-жақты сипаттала алар еді. Дискурс мәтіннен басқа да экстралингвистикалық факторлардан тұратын, яғни, әлем туралы білім, ой-пікір, тұжырымдамалар, адресат мақсатынан тұратын күрделі коммуникативтік құбылыс» [6, 12-б].

Е.И. Шейгалдың айтуы бойынша «тілдік белгілер әрдайым дискурс түрінде көрініс табады, дәлірек айтсақ дискурс, кез-келген байланыс әрқашан адамның іс-әрекетінің белгілі бір саласында, белгілі бір әлеуметтік кеңістікте жүзеге асырылады» [4, 204-б].

Н.Д.Артюнова дискурсты «экстралингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, прагматикалық, психологиялық және тағы басқа факторлардың жиынтығы негізіндегі мәтін» деп атай отырып, дискурсты жанды сөз ретінде қарастырады [5,136-б].

Е.Ф. Кировтың анықтамасы бойынша, «дискурс дегеніміз - бұл әрбір тілдің тарихындағы белгілі бір мәдениеттің аясындағы жазбаша және ауызша мәтіндердің жиынтығы» [8, 16-б].

Қазақстандық ғалым Б.А. Ахатова дискурсты реципиенттер интерпретациялайтын коммуникативтік әрекеттер нәтижесі деп таниды. Бұдан түсінікті болары, дискурс – коммуникативтік әрекеттің ауызша және жазбаша түріндегі вербалды жемісі. Автор «мәтінді» тіл жүйесімен, ал «дискурсты» актуалды сөйлеу әрекетімен байланыстырады. Зерттеуші дискурсты қашанда нақты бір жағдайдағы нақты нысандарға қатысты, нақты бір мәтінде қарастыруды ұсынады [9, 42-б].

Тіл білімі саласында дискурс мәселесін зерттеген қазақ зерттеушілердің бірі Г.Г.Бүркітбаеваның берген анықтамасы бойынша «Дискурс дегеніміз – екі немесе одан да көп коммуниканттардың өзара сөйлесу әрекеттестігі. Бұл белгілі бір коммуникативтік жағдаятта ауызша немесе жазбаша тілде жүргізіліп, оның нәтижесінде мәтін немесе тақырыбы бір бірнеше мәтіндер жиынтығы пайда болады» [1, 9-б].

З.Ш.Ерназарова «прагматиканы динамикадағы мәтін, ал дискурсты оны дүниеге келтіруші адаммен байланысты қарастыратын адам» деп атап өтеді. [6, 200-б]. Дискурсты прагматикалық тұрғыдан зерттеу коммуникативтік жағдаятқа және оған қатысушы адресант пен адресатқа тікелей байланысты болады. Дискурсты түсіну адресант айтайын деп отырған ойына, ойлау дүниесіне ену және оны интерпретациялау деп ұғыну керек.

Жоғарыда көрсетілген алуан түрлі анықтамаларды қорыта келе, дискурс көптүрлі болатынана көзіміз жетеді. Дискурстың түрлері: саяси дискурс, іскерлік дискурс, медициналық дискурс, ресми дискурс, әскери дискурс, құқықтық дискурс, әдеби дискурс және т.б.

Қазіргі таңда халықаралық қатынастар мемлекеттің белгілі бір мәртебеге ие болуы, әлемдегі өз орнын табуы саяси дискурс пен тікелей байланысты. Саяси дискурс - бұл «саяси пікірталастардағы барлық сөйлеу актілерінің жиынтығы, дәстүр бойынша сақталған және уақыт сынынан өткен мемлекеттің саясат ережелері». Қарапайым халық пен билік арасындағы барлық қатынастар саяси дискурс нәтижесінде шешімін тауып, тілдің арқасында жүзеге асырылады. Саясаткерлер тілдің көмегімен қоғамның санасын басқара алады, өз көзқарастарын, ниеттерін және әрекет етуге дайындығын білдіреді.

Бұқаралық ақпарат құралдары рөлінің кеңеюіне және артуына байланысты қазіргі әлемде қоғамдық санамен саяси ықпал ету және манипуляция күшейе түсті. Саяси дискурс адам мен қоғам арасындағы өзара қарым-қатынастардың барлық кешенінің көрінісі болып табылады және осылайша реципиенттерде әлем бейнесінің қалыптасуына әсер етеді.

Саяси дискурс – әлеуметтік мәселелерді шешу жолында үкімет тарапынан жасалынатын қадамдар. Белгілі бір мәселені шешу барысына билік өкілдерімен қатар қарапайым халық та қатысады. Саяси дискурс арқылы кез-келген жағдайдан шығудың оңтайлы, тиімді жолын халыққа ұсынып, қоғам арқылы шешіледі.

Саяси дискурс – күнделікті өмірде орын алатын құбылыс. Қоғам өмірі неғұрлым ашық әрі демократияланған болса, соғұрлым саясатқа жол ашылып, тек қана саясаттанушылар мен журналисттердің ғана емес, сонымен қатар қарапайым халықтың да қызығушылығын тудырады. Осылайша, саяси дискурстың жүзеге асырылуына тек қана тілдік құралдар ғана емес, қарым-қатынас пен коммуникация барысында пайда болатын экстралингвистикалық факторлар мен когнитивті құрылымдар да қатысады.

Саяси дискурс дискурстың басқа түрлерімен – ғылыми, құқықтық, бұқаралық ақпаратпен, жарнамалық, педагогикалық, діни, спорттық ойындармен, тұрмыстық және өнермен тығыз байланысады. Қазіргі заманғы саясат тілі өзінің өмір сүру ортасы - бұқаралық ақпаратқұралдарымен ерекшеленеді. Саяси дискурстың негізгі міндеті – билік үшін күрес. Саяси дискурстың жанрлық құрылымы өте бай. Бұл ең алдымен парламенттік пікірталастар, қоғамдық-

саяси сөйлеулер, дауыс беру және т.б. Саяси дискурстың бір бөлігі ретінде манифест, сайлауалды үгіт-насихат, жеке қарым-қатынас, сұхбат, саяси жарнама және т.б. сияқты жанрлар ерекшеленеді. Мысалы, саясаттанушының сұхбаты бұқаралық ақпарат құралдарының элементтерін, ғылыми және саяси дискурстарды қамтиды. Саяси және жарнамалық дискурс саяси жарнама жанрында көрініс табады. Осылайша, бұқаралық ақпарат құралдарындағы саясатқа қатысты және саясаткер авторы болған немесе керісінше саясаткерге жолданған кез-келген материал саяси дискурс саласына қатысты деген қорытынды жасауға болады.

Саяси бағыттағы кез-келген мәтін аудармашыға үлкен жауапкершілікті артады. Саяси саладағы аудармашы саясат тақырыбында өте сауатты, пікірталастардың мәнін жақсы түсінуі керек. А.В. Федоров айтуы бойынша, «дұрыс аударманың негізі - бұл қарастырылатын тақырыпты жоғары деңгейде білу» [10, 298-б].

Саяси ұғымдарды аудару кезінде әрдайым тек контекстті ғана емес, сонымен бірге түпнұсқа тілі мен аударма тіліндегі елдердің мәдени ерекшеліктерін де ескеру керек, сонымен қатар олардың тарихын, саяси жағдайларын білу және нақты жағдайларға қатысты басшылардың көзқарастарын түсіну қажет. Адекватты аударма жасау үшін, аудармашылар белгілі бір жағдайға қатысты қоғамның пікірі мен әлем бейнесін екі тілде де білуі шарт. Себебі кейбір концепттер бір тілде позитивті мағына үстесе, екінші тілде қарама-қайшы мағына беруі мүмкін. Сонымен қатар, аударма жасағанда өте мұқият болу қажет, себебі белгілі бір сөз-тіркесін екі қоғам әртүрлі түсіну мүмкін, екі ел арасында кикілжің тудырып алмас үшін, әрбір тіркесті аударғанда екі тілдегі халықтың пікірін білу керек, яғни, аудармашы экстралингвистикалық біліміне сүйене отырып аударуы қажет.

Саяси мәтіндер мәдени лексикалық бірліктерге толы болып келеді, олар ұлттық мәдениеттердің ерекшеліктерін көрсетеді. Сондықтан, саяси дискурстың лексикалық бірліктерін аудару қиын соғады, аудармашыға саясаткерлердің сөйлеулерінің мәдени маңызды компоненттерін анықтап қана қоймай, оларды қабылдаушының мәдениетімен байланыстырып, адресатты түсіну үшін мүмкіндігінше бейімдеу қажет.

Саясаткерлер көбінесе өздерінің сөздерінде тарихи оқиғалар мен реалияларды жиі қолданады. Американдық саясаткерлер қауымдастығының құндылықты бағдарларын білдіретін прецеденттік феномендерді сөздерінде үнемі пайдаланады. Осылайша олар өздерінің қоғамына түсінікті құндылықтарды сөзге тірек ете отырып, тек өздеріне тән ортаны қалыптастырады. Аудармашылар АҚШ саясаткерлерінің сөздерін аударуда осындай жағдайларға тап болып, аударма жасау барысында сол қоғамға тән құндылықтар атауының аудармасын беруде, аударған дұрыс па әлде түсіріп тастаған дұрыс па, жоқ түсіндірмесін беру қажет пе деген біраз сұрақтар туындайды.

Сонымен қатар, американдық саясаткерлер сөздерінде өздеріне тән тұрмыстық аллюзияны, метафоралар мен фразеологизмдерді жиі қолданады, сол себепті аудармашы екі тіл мәдениетімен жақсы таныс болып, аударуға қиындық тудыратын тіркестердің баламасын өз тілінде жеткізе алу қабілеті болуы керек.

Сондай-ақ, ағылшын тіліндегі сөздің қазақ тілінде бірнеше баламасы болуы мүмкін, түпнұсқа тілінде берілген сөз аударма тілінде мүлдем басқа мағына беретін жағдайлар да болады. Мысалға, *'president'* сөзі контекстке байланысты, президент, елбасы, төраға, директор және т.б. баламалары болуы мүмкін. Сол себепті аудармашы контекстке сәйкес аудару қажет.

Саяси дискурс аударудың тағы да бір мәселесі – неологизмдер. Саясат тілі күннен-күнге жаңа сөздермен толығып отырады және саяси терминдер көбінесе осы неологизмдердің енуіне байланысты болады. Неологизмдерді аударудың негізгі үш жолы қарастырылған:

1. аударма тіліндегі баламасын табу
2. транскрипция немесе транслитерация
3. калькалау

Мысалға: *p.r.* – пиар, *inauguration* – инаугурация, *Obamacare* – Обамакэр, *Brexit* – Брексит, т.б.

Саяси терминдердің аудармасы да лексикалық проблемалардың бірі болып табылады. Жоғарыда айтылғандай, сөздердің бірнеше аудармасының болуы аудармашыны адастырады, мысалы, *«engine»* сөзі қазақ тілінде машина, қозғалтқыш, құрылғы, аппарат, белгі, эмблема, паравоз және т.б. аудармалары бар. Сондай-ақ, терминдердің басқа тілде аудармасы болмауы да мүмкін, бұндай жағдайда жоғарыда көрсетілген үш тәсілдің бірін қолдана отырып немесе түсіндірме беру арқылы аударамыз. Мысалға, *General Motors* — «Дженерал моторс», *White House* — «Ақ үй», *maverick* – «жоғары дәрежелі мемлекеттік қайраткер», т.б.

Американдық саяси дискурс эпитет, метафоралар мен экспрессивті сөз бірліктеріне өте бай, ал қазақ тілінде көбінесе бейтарап сөздер жиі кездеседі. Мысалы, «*they fill their heart with the same dreams*» - олар бір нәрсені армандайды; «*the breath of life*» - өмір; «*glorious destiny*» - жарқын болашақ, т.б. Америкалық қоғамға әсер қалдыратын экспрессивті тіл бірліктері басқа қоғамға мүлдем әсер етпеуі мүмкін, сол себепті сол сөздердің аударма тіліндегі баламасын білу қажет.

Қорыта келе, саяси дискурс аудармасы өте үлкен жауапкершілікті қажет етеді. Саясат тілі – қоғамға әсер етуші факторларды қамтитын мемлекеттік ресми өкілдер тілі.

Саяси мәтіндердің абайсыз аудармасы мемлекет имиджіне кесірін тигізіп, келіссөздер барысында саяси қақтығыстар мен елеулі салдарға алып келуі мүмкін. Саяси бағыттағы аудармашының аса маңызды міндеттерінің бірі – берілген мәтіндегі әсерді сақтай білу. Оған қол жеткізу үшін аудармашы саяси дискурстың қызметін, стилистикалық ерекшеліктерін, сондай-ақ лексикалық және синтаксистік құралдарын зерттеуі қажет. Сондай-ақ, аудармашы кең фондық (экстралингвистикалық) білімге ие болуы және елтану және мәдениеттану салаларынан хабардар болуы тиіс.

Қазіргі қоғамда саяси коммуникацияның маңыздылығының артуына байланысты, қоғамдық және саяси мәселелерді шешу аударманың дұрыс берілуіне тікелей байланысты.

Әдебиеттер:

1. Бүркітбаева Г.Г. *Текст и дискурс. Типы дискурса, 2006.*
2. Беневист Э. *Общая лингвистика, 1974.*
3. Хабермес Ю. *Философский дискурс о модерне, 2003.*
4. Шейгал Е.И. *Семиотика политического дискурса, 2004.*
5. Артюнова Н.Д. *Дискурс, 1998*
6. Ерназарова З.Ш. *Қазақ сөйлеу тілі синтаксисі бірліктерінің прагматикалық негіздері, 2001.*
7. Т.А. ван Дейк *Язык. Познание. Коммуникация, 1989.*
8. Киров Е.Ф. *Цель событий – дискурс/текст – концепт, 2004.*
9. Ахатова Б.А. *Политический дискурс и языковое сознание, 2006.*
10. Федоров А.В. *Основы общей теории перевода, 2002.*

ӘОЖ 81`25

Нурахмет Ақбота Полатқызы

*Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ студенті
«М056- Аударма ісі, ілеспе аударма (ғылыми-педагогикалық)»*

Алматы, Қазақстан

nurahmet.akbota@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:

PhD, қауымдастырылған профессор Асанова Гүлнар Сайрамбековна

**ОТАНДЫҚ МЕДИЦИНА ТЕРМИНДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ, ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ
СОСТОЯНИЕ ИССЛЕДОВАНИЙ ОТЕЧЕСТВЕННЫХ МЕДИЦИНСКИХ
ТЕРМИНОВ И ИХ ПЕРСПЕКТИВЫ
THE STATE OF KNOWLEDGE OF DOMESTIC MEDICAL TERMS, THEIR PROSPECTS**

Аннотация. Мақалада Қазақстандағы салалық терминдердің зерттелу дәрежесі жайында баяндалған. Медициналық терминдерді зерттеумен айналысқан ғалымдардың еңбектері және әрбір еңбекке қысқаша шолу көрсетілген. Медициналық терминді зерттеудегі отандық ғалымдардың жетістіктері атап өтілді, сондай-ақ медициналық терминологияны одан әрі дамыту перспективалары анықталды. Терминдерді біріздендіру үрдісіндегі Республикалық мемлекеттік терминологиялық комиссияның жетістіктері аталып, медициналық терминдерді қолданудағы кейбір қиындықтарға шолу жасалды. Мақала терминология саласында жұмыс атқаратын мамандар мен ЖОО студенттеріне арналған.

Түйін сөздер: терминдер, медицина терминдері, терминологиялық зерттеулер, терминдер сөздігі, біріздендіру, терминком, терминдену, терминқор.

Аннотация. В статье говорится о степени изученности отраслевых терминов в Казахстане. Представлены труды ученых, занимающихся исследованием медицинских терминов и краткий обзор каждого труда. Отмечены достижения отечественных ученых в исследовании медицинского термина, а также определены перспективы дальнейшего развития медицинской терминологии. Были отмечены достижения Республиканской государственной терминологической комиссии в процессе унификации терминов, проведен обзор некоторых трудностей в использовании медицинских терминов. Статья предназначена для специалистов, работающих в сфере терминологии и студентов вузов.

Ключевые слова: термины, медицинские термины, терминологические исследования, словарь терминов, унификация, терминологическая комиссия, терминование, терминофонд.

Abstract: The article describes the degree of study of industry terms in Kazakhstan. The works of scientists involved in the study of medical terms and a brief overview of each work are presented. The achievements of Russian scientists in the study of the medical term are noted, and the prospects for further development of medical terminology are identified. The achievements of the Republican state terminology Commission in the process of unifying terms were noted, and some difficulties in using medical terms were reviewed. The article is intended for specialists working in the field of terminology and University students.

Keywords: terms, medical terms, terminological research, dictionary of terms, unification, terminological commission, term creation, term fund.

Тілімізде терминдердің пайда болуы адамдардың объективті болмыс ұғымдары мен реалияларына нақты әрі толық анықтама беруге ұмтылысымен байланысты. Қазақ тілінде жазба тілі пайда болмас бұрын туыстық, мал шаруашылығына байланысты, географиялық (яғни жер-су, тәулік уақыттарының аттары), ботаникалық және басқа. Жазба тілдің пайда болуы гуманитарлық, ағартушылық, заң терминологияларының нығаюына серпіліс берді.

Көршілес елдермен байланыстар тілдердің лексикалық жүйесінің дамуына әсер етіп отырды. Бұл үрдіс, әсіресе, терминологиялық жүйелердің құрылуына әсер етті. Кейбір кірме сөздер территориялық жақындықпен байланысты, ал басқалары елдің географиялық орналасуымен түсіндіріледі. Мысалы, XI-XV ғасырларда ислам дінінің кең етек жаюымен араб-парсы сөздері, алдымен, өзбек, татар тілдеріне, сосын, қазақ тіліне де енді. Ол терминдер дінге, ғылымға, қоғамдық-саяси саласына, қолданбалы өнер салаларына қатысты болды. Қазіргі таңда бұл термин салалары терминологиялық жүйенің негізі болып табылады. Алайда, олардың қазақ терминологиясындағы үлесі айтарлықтай көп емес. Себебі, ол терминдердің көп бөлігі кейбір ұғымдардың жойылуына және заттардың қолданыстан шығуына байланысты историзмдерге айналды, ал басқалары әлеуметтік

құрылымның өзгеріске ұшырауына және терминологияның дамуына байланысты қазақ, орыс тілдерінің және шетелдік кірме терминдерімен ауыстырылды.

Қазақ терминологиясының орнығуына жоғары білім алған әрі орыс тілін меңгерген қазақ ағартушылары айтарлықтай үлес қосты. Орыс болмысымен, орыс және шетел ғылымымен, орыс және әлем әдебиетімен және өнерімен танысу олардың білімдерін қазақ халқын ағартумен айналысуға деген ұмтылыспен қанаттандырды.

Осындай белгілі ағартушылардың бірі – ғалым-шығыстанушы Ш. Уәлиханов. Оның еңбектері Орта Азия және Кавказ елдерінің өмірін зерттеуге қосылған құнды үлес болды. Ш. Уәлихановтың публицистикалық шығармаларының тілін талдау оның әр түрлі терминологиялық лексиканы қолданатынын анықтады. Өз зерттеулеріне және мансабына байланысты Ш. Уәлиханов қоғамдық-саяси, ғылыми, тұрмыстық және этнографиялық терминологиялық лексиканы, өлшем бірліктерінің терминдерін және жіп пен мата атауларын жиі қолданған. Шығыстанушы-этнологтың мұндай терминдерді жиі қолдануын оның публицистикасының тарих, этнография, тіл және география салаларындағы ғылыми сипатымен де түсіндіруге болады.

Б. Алтынсарин қазақ халқына алғашқы ұстаз ретінде мәлім. Оның бастауымен қазақ даласында көптеген мектептер ашылды. Б. Атынсарин қазақ балаларын орыс тіліне үйрету барысында тек қана орыс тіліндегі сөздердің аудармаларын ғана емес, терминдердің де қазақша баламаларын көрсету арқылы балалардың туған тіліндегі біліміне сүйеніп оқытты. Ол терминдер қазіргі терминдерге карағанда қарапайым болғанымен, балалардың түсінуі үшін жеңіл болған, мысалы, *Нәрселердің аттары*. – *зат есім – имя существительное; Зат – мақлұқтың қасиеті-нің аттары – сын есім – имя прилагательное*. Қазақ тілінің қыр-сырын ашуда Абай Құнанбайұлының да есімі ерекше мәнге ие. Өз аудармаларында орыс тілінен кірме сөздерді қолдануы сол замандағы әкімшілік басқарудың бұрынғы басқару жүйесінен айырмашылығын көрсетуге ұмтылғанын байқауға болады.

Бұл қазақ тіліндегі терминдерге елеулі назар қойылмаған кездерде, халықты алдымен ағарту, яғни «ақ ету» (орыс тілінде тура семантикада «отбелить»), үйрету, сауаттандыру, оқытумен айналысу бірінші кезекке қойылған кездегі әйгілі тұлғаларымыздың қазақ тілін зерттеуге деген жасаған әлсін-әлсін қадамдары.

Қазақ тіл білімінде терминдерді қалыптастыру, оларды қазақ тілі заңдылықтарына икемдеу, жүйелеу жөніндегі пікірлер баспа беттерінен көрініс тапты. Түрколог ғалымдар А. Байтұрсынұлы, Қ. Басымов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, С. Бәйішев, Т. Шонанов, Ә. Қайдаров, М. Балақаев, Ғ. Мұсабаев, Х. Досмұхамедов, Ш. Сарыбаев, Ө. Айтбаев, Н. Төреқұлов, Ә. Әбдірахманов, Қ. Кемеңгеров, С. Исаев, т.б еңбектерінде термин жасаудың принциптері мен шарттары белгіленіп, анықталып салалық термин жасау мәселесі жолға қойылды.

Ұлттық терминқордың қалыптасу тарихы ұлттық әдеби тілдің дамуымен тығыз байланысты. Ол терминологиялық лексиканы құрайтын атауларды шығу тегіне, жасалу жолы мен кезеңіне қарай бірнеше дәуірге бөле отырып, тарихи тұрғыдан зерттеуді қажет етеді. Ал терминтанудың қалыптасу, даму тарихы ХХ ғасырдан бастау алады. Алайда терминтану тарихын ХV ғасырдан бастауды ұсынатын да ғалымдар бар. Мысалы, физиолог ғалым Жандар Керімбектің Ермаханы Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының «Шипагерлік баян» атты еңбегінде кездесетін атауларды келтіре отырып, терминтану тарихын осы еңбек жарық көрген кезеңнен бастау керек деп санайды. Терминтану ғылымын қазақша **атаутану** деп атауды ұсынатын ол «Алғашқы қазақ атаутану ғылымының негізі 1468 жылы қаланғанын білдік. Қазақ атаутануының мыңжылдық тарихы бар, яғни Ресейді былай қойғанда, әлі Еуропада терминология ғылымы жоқ кезде, қазақ елінде негізі қаланған» деген пікір айтады. Ғалым пікірі терминтану ғылымының емес қазақ терминологиясының, оның ішінде медициналық терминологияның даму тарихы туралы сөз болғанда ескерілгені жөн болса керек.^[1]

Атақты терминтанушы Ш. Құрманбайұлы Қазақ терминологиясы^[2] атты еңбегінде қазақ тіліндегі терминденуші лексика көздері, жалпыхалықтық тілдегі сөздердің терминдену ерекшеліктері, терминденудің түрлері, сөздердің терминдену барысында болатын олардың мағыналық құрылысындағы өзгерістер, жалпы лексикалық өріс пен терминологиялық өрістер арасындағы өзара байланыс мәселелерін қарастырды. Өз оқулығында қазақ лексикасының терминденуі кезеңдік тұрғыдан сипаттап, терминологиядағы қазіргі жағдайға ғылыми тұрғыдан баға берді. Сондай-ақ, автор А. Байтұрсынұлының қазақ ғылыми терминологиясын қалыптастырудағы рөлін көрсетуге байланысты тың тұжырымдар жасайды.

Қазақтың дәстүрлі қоғамында қалыптасқан халық медицинасының негізі деуге тұрарлық бұл «Шипагерлік баянның» мазмұндық құрылымы «Тұрлаулар» деген кіріспеден, «Қанықталғы», «Нарықталғы», «Дарымдалғы» деген үш тараудан тұрады. Оның ішінде Түптеме, Жіктеме,

Аңғарымдама, Нақтама, Дарым зәруаты, Айықтырым дарымдылығы деп аталынған алты бөлімде халық медицинасының негізгі функцияларын атап көрсетеді. Оның «Қанықталғы» тарауында ауру түрлеріне анықтама береді, ал келесі тарау «Нарықталғыда» адам ауруларын анықтаудың нақтылы ілімдік әдістеріне тоқталады, үшінші тарау «Дарымдалғыда» сырқаттардың ауруын емдеп жазудың әдіс-тәсілдеріне тоқталады. «Шипагерлік баянда» аурулардың жекелеген атауларының этимологиясы келтірілген.^[3]

Жалпы терминжүйе және оның бір саласы медицина терминдерінің зерттелуіне тоқталар болсақ, Медицина саласында арнайы зерттеу ісі нашар болғандықтан, орыс тілінен қазақ тіліне аудару арқылы медициналық лексика едәуір ұлғайды. Аударылып, басылған әдебиеттердің қатарынан мына кітаптар табылды: «Қышыма турасында», Орынбор, 1900; «Мерез ауруы жайында», Орынбор, 1903; «Оба жайында қазақша әңгіме», Қазан, 1905; «Құрт ауруы турасында», Орынбор, 1906; «Арақ у яки арақтың захары», Қазан, 1907; «Адам обасы турасында», Орынбор, 1911, «Чичек екендегі бірнеше ақыл», Орынбор, 1914; «Құрт мерез ауруы турасында», орысшадан қазақ тіліне аударған Қосудаков пен Бәкенов, Орынбор, 1906; «Жамандату қойдүрғу турасында» (Сибирскаяязва), Орынбор, 1902.

Қазақ терминологиясының дамуының басталғаны 1920-1930 жылдар болса, салалық медицина терминологиясы да осы кездерде дамыды. Медициналық кітаптар мен кітапшалардың авторлары көптеп таралған аурулардың себебін айқындап көрсетіп, емдеу тәсілдері мен сол ауруларға қарсы дәрі-дәрмектердің қолданылуын түсіндіру үшін мәні әлі де айқындалмаған халықтық лексикаға сүйенуге мәжбүр болды. Тап осы еңбектер қазақтың ғылыми медициналық терминологиясының қалыптасуына қызмет етті.

Ал этнолингвистикалық тұрғыдан халықтық медицина терминдері қазақ тіл білімінде толық зерттелді деп айтуға болмайды. Бұл зерттеулердің қатарында Г.Танабаеваның «Қазақ тіліндегі адамға қатысты ауру атауларының уәжділігі» атты кандидаттық диссертациясы^[4], К. Аяпбергенованың «Қазақ тілі сабағында медицина лексикасын мамандыққа сәйкес оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты докторлық зерттеуін^[5], Д.Мурзанованың «Адам анатомиясындағы ішкі ағза атауларының ұлттық сипаты» атты кандидаттық еңбегін^[6] атап кетуімізге болады.

Халел Досмұхамедұлы терминдерді басқа тілден енгізу туралы келесідей пікір айтты: «Тілге кірген жат сөздер сіңу үшін, тілге өзілік болуы үшін сол тілдің заңымен өзгеріп, танымастай халге келуі керек. Жат сөздерді қолданғанда тіліміздің заңымен өзгертіп, тілімізге лайықтап алу керек. Жат сөздерді өзгертпей, бұлжытпай алатын жер дүниеде тіл жоқ деп айтса да болады». ХХ ғасырдың ортасында медициналық терминологияға лингвистер да қызығушылық таныта бастады. Лингвистикалық тұрғыдан медициналық терминдерді талдауға арналған диссертациялар пайда болды. Осындай сәтті қадамдардың бірі ретінде К. Жидебаевтың «Қазақ тіліндегі анатомиялық атаулар» атты диссертациялық жұмысын атауға болады. Автор анатомиялық терминдердің морфологиялық құрылымын талдады. Медициналық терминологияны кодификациялау тұрғысынан алдымен М. А. Ахметовтың еңбегін атап өткен жөн («Словарь медицинских терминов. Русско-казахско-английский»). Медициналық терминология мәселелерімен айналысатын лингвистер арасында К.Г. Аяпбергенова («Формирование медицинских терминов казахского языка») және Ш. Құрманбайұлын («Источники формирования фонда терминов и способы построения терминов») атауға болады.

1987 жылы К.Г. Аяпбергенованың «Истоки формирования и развития медицинской терминологии в казахском языке» атты еңбегінде Қазақ тіліндегі медициналық терминдердің қалыптасуын төңкеріске дейін және төңкерістен кейін деп үлкен екі салаға бөле отырып, оны үшкезең арқылы көрсетеді. Төңкеріске дейінгі медициналық терминдердің дамуына халықтық медициналық атаулар, сондай-ақ сол мерзімдегі баспасөз беттерінде («Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», «Айқап», «Қазақ» т.б.) жарияланған материалдар қызмет етті. Әсіресе бұрыннан келе жатқан халықтық медицина атаулары (Мысалы: безгек, шаншу, тұмау, бас ауру, жөтел, көк жөтел, шешек, қызылша, безеу, теріскен, талақ, ақыл тіс, шел, қышыма т.б.) медициналық терминологияның шығуының қайнар көзі болды.

Елімізде қазіргі таңда салалық терминдерді біріздендіру үшін арнайы комиссия, яғни терминологиялық комиссия құрылған. Аталған комиссия ғылымның әр саласындағы терминдерді зерделеп, біріздендірумен және арнайы сөздіктерде бекітумен айналысады. 1971-2017 жылдар аралығында Республикалық мемлекеттік терминологиялық комиссиясы жалпы саны 21000 лексикалық бірлікті бекіткен. Оның ішінде бекітілген медициналық лексиканың саны 1971-2017 жылдар аралығында жалпы саны 21000 құрайды. Жалпы терминком бекіткен терминдер ішінде төл

терминдеріміз де, құрамында бір немесе одан да көп халықаралық термин бар бірліктер де, халықаралық термин сөздер де кездеседі.

Соңғы жылдары елімізде медицина терминдері бойынша мемлекеттік тілде сабақ беру мәселелері қозғалып жатыр. Медициналық терминдер мен жалпы лексиканың көп бөлігі латын, грек, ағылшын тілдерінен құралғандығы баршамызға мәлім. Қазақстанда Кеңес Одағы кезінде орыс тілі кең етек жайғандықтан, медициналық насандағы мәтіндер орыс тілінен қазақ тіліне аударылған, қазіргі таңда да тікелей ағылшын тілінен аударма жасауға қарағанда ағылшыннан, алдымен, орыс тіліне сосын қазақ тіліне аудару үрдісі жиі кездеседі. Бұндай аударма көп жағдайда қазақ тілінің лексикасынан алшақтау әрі лексикада бар бірліктерді елеусіз қалдыруға алып келеді. Мысалы, ағылшын тіліндегі «fingers» және «toes» сөздері орыс тілінде «пальцы» сөзімен аударылып, аяққа да, қолға да қатыста айтылса, қазақ тілінде қолдағылары «саусақ», аяқтағылары «башпай» деп айтылады. Ал, тіліміздің осы артықшылығын білмегендіктен болар, медициналық мәтіндерде «қолдың саусақтары», «аяқтың саусақтары» сияқты сөз тіркестерін кездестіреміз. Аудармадағы осындай ерекшелікті өз мақаласында көрсеткен Ж.Қ. Қожабекова бұл – қазақ тілінің сөздік қоры орыс тілінікінен артық болмаса, кем емес екенін көрсететінін айтады^[7].

Медицина саласының терминдерін біріздендірумен айналысатын профессор М. Ахметовтың орысша-қазақша-ағылшынша медициналық сөздігінде шет тілінің бір термині қазақтың бірнеше сөздерімен аударылғанын байқауға болады. Мысалы, «вена» қазақ тілінде «вена», «көктамыр» ағылшынша «vein»; «сосуд» қазақ тіліне «тамыр» ағылшынша «vessel» деп көрсетілген; «сотрясение» термині қазақ тілінде үш сөзбен берілген: «шайқалу», «сілкіну», «шайқалыс»; «фертильность» атаулы гинекология термині қазақ тілінде «фертильдік», «ұрықтылық», «тұқымдылық», «бала туғыштық», «төлдегіштік», «жемістілік» болса, ағылшын тілінде бір ғана «fertility» сөзімен көрсетілген; орыстың «беременная» сөзі «жүкті», «екіқабат», «аяғы ауыр» деген үш түрлі баламамен көрсетілген.^[8]

Тілші-ғалымдар мен салалық мамандардың, жалпы зиялы қауым өкілдерінің терминжасам және терминдену үрдісіне қатысты пікірлерін былайша топтастыруға болады: біріншісі – ана тілінің өз мүмкіндігін пайдаланып термин жасау, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда шет тілдерінің терминдерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау; екіншісі – терминологияда етек алып отырған пуризмге жол бермей, осыған дейін қалыптасқан терминдерді бұрынғысынша қалдырып, шет тілдерінен термин қабылдауға шек қоймау^[9].

Медициналық колледж білім алушыларының алдында қазіргі уақытта халықаралық деңгейде медициналық терминдерді латын, орыс, ағылшын тілдерінде меңгерумен қатар, мемлекеттік тілде терминдерді еркін меңгеру және оларды қолдану саласын кеңейту мақсатында қолдарын аямай еңбек ету міндеті қойылып отыр. Осыған орай 2012 жылы К.А.Беспяева мен А.Б.Нупилованың «Словарь анатомической терминологии по дисциплине «латинский язык»^[10] атты оқу-әдістемелік құралы жарық көрді. Сөздікте анатомиялық лексика есте сақтау үшін оқылатын бейімділікке байланысты жүйелі түрде бөлінген, орта медициналық оқу орындарына арналған оқулықтар мен оқу құралдарын есепке ала отырып және оқу бағдарламасына сәйкес іріктелген.

2014 жылы С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ғылыми журналында Ә. Б. Насырованың «Қазақ тіліндегі медициналық терминдер»^[11] мақаласы жарияланды. Мақалада қазақ тіліндегі медициналық терминдердің жасалу ерекшеліктері қарастырылып, автор медициналық терминдер уәжділуі мәселесіне ерекше көңіл бөлген. Медициналық терминдердің негізгі белгісі – шындылықтың әр белгісімен уәжділіп берілуі. Медициналық терминдерді талдай отырып автор оларды уәжділуі белгісіне қарай бірнеше топтарға бөлген.

2018 жылы А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты бастамасымен Ағылшынша-орысша-қазақша салалық терминдер сөздігі^[12] жарық көрді. Аталған сөздікте медицина саласының 1714 термині қамтылған. Дәл осы Тіл білімі институты шығарған Қазақ тілінде параллель қолданылатын шеттілдік терминдер^[13] сөздігінде де медициналық терминдер елеулі орын алған.

Академик Өмірзақ Айтбайұлы Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері еңбегінде медициналық және биологиялық терминдер жайында ерекше сөз қозғап, осы саладағы түсіндірме сөздіктердің қажеттілігіне аса назар аударған. Шет тілінен енген кірме терминдерді аудару, яғни қазақшалауды жайында «тілімізге сіңіп үлгерген терминдерді қалайда аударамыз деп әуреге түсудің негізі жоқ»^[14] деп қорытындылайды академик Өмірзақ Айтбайұлы.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе медицина саласы терминдерінің қазақшалануы, жалпы зерттелуі елімізде жолға қойылғандығын атап өтуге болады. Алайда, әлі де көптеген қиындықтар мен даулы мәселелер қалып отыр. Әсіресе медицина саласында

қарастырылмаған лексика саны орасан зор. Пайда болған даулы мәселелерді медицина мамандары мен тілші ғалымдар бірлесе шешкені дұрыс болады деп санаймыз.

Терминжасам барысында терминдердің концептуалдық-семантикалық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұнға айрықша назар аударған жөн. Өйткені, терминнің концептуалдық-семантикалық құрылымы дегеніміз – белгілі бір ұғымдық сала иелерінің коммуникативтік байланысын қамтамасыз ететін тілдік бірліктердің лексикалық инвариантты жүйесі. Концептуалдық-семантикалық құрылымды тіл жүйелері мен арнайы ұғымдар арасын байланыстыратын негізгі буын деп қарастыруға болады. Бұл арада тілмен тікелей байланыс мазмұнды аспект арқылы жүзеге асырылады.

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Терминтану: Оқу құралы. Алматы: «Атлас баспасы -2001», 2006 - 244бет.
2. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы: зерттеулер, оқулық, сөздік, библиография. Алматы: «Сардар», 2014. - 928+16 жапсырма бет.
3. Тілеуқабылұлы Ө. Шпагерлік Баян: научное издание / Тілеуқабылұлы Ө. - Алматы : Жалын, 1996. - 463б.
4. Танабаева Г.У. Қазақ тіліндегі адамға қатысты ауру атауларының уәжділігі. фил.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 2008. – 130 б.
5. Аяпбергенова К.Қ. Қазақ тілі сабағында медицина лексикасын мамандыққа сәйкес оқитудың ғылыми-әдістемелік негіздері. пед.ғыл.докт.дисс. – Алматы, 2009. – 329б.
6. Мурзанова Д. Адам анатомиясындағы ішкі ағза атауларының ұлттық сипаты. фил.ғыл.канд.дисс. – Алматы, 1999.
7. Қожабекова Ж.К.. «Медициналық мәтіндердегі қазақ тілінің көрінісі» Батыс Қазақстан медициналық журналы, № 1 (49), 2016, 64-67 б.
8. Ахметов М.А. Орыс-қазақ-ағылшын медициналық сөздігі. - Алматы: «Сөз-Слово» баспасы, 2006. - 512 б.
9. <https://termincom.kz/terminology/?id=20>
10. Беспалева К.А., Нупилова А.Б. Словарь анатомической терминологии. Оқу-әдістемелік құрал. Қарағанды: 2012 ж. - 32 б.
11. Ағылшынша-орысша-қазақша салалық терминдер сөздігі. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, 2018. – 557 б.
12. Насырова Ә. Б.. «Қазақ тіліндегі медициналық терминдер» Вестник ПГУ, филология сериясы, № 1, 2014, 170-176 б.
13. Қазақ тілінде параллель қолданылатын шеттілдік терминдер. – Алматы: А. Байтұрсынұлы атындағы тіл білімі институты, 2018 – 23 б.
14. Айтбайұлы Ө. Қазақ тіл білімінің терминологиясы мәселелері – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2013. – 400 бет.

УДК 517.545

Анисимова Яна Анатольевна

Магистрант, Костанайского государственного университета им. А. Байтурсынова,
Костанай, Казахстан
yana.anisimova_96@mail.ru

ПРИМЕНЕНИЕ КОНФОРМНЫХ ОТОБРАЖЕНИЙ THE USE OF CONFORMAL MAPPINGS

Аннотация: Статья посвящена вопросам применения конформного отображения. Автор раскрывает роль конформных отображений в медицине. Особое внимание уделяет и затрагивает области изучения такие как сосудистая система, головной мозг и толстая кишка. Конформное отображение применяется непосредственно для определения формы и геометрического анализа объектов различной природы. Так как построение алгоритма метода конечных форм очень важна в медицинской визуализации.

Ключевые слова: конформное отображение, конформная геометрия, медицина, параметризация, сохранение структуры, поток Риччи, кривые, гиперболический диск, кора головного мозга, кровеносная система, частные производные, анализ, риманова метрика, визуализация, толстая кишка.

Abstract: The article is devoted to the application of conformal mapping. The author reveals the role of conformal maps in medicine. Special attention is paid to areas of study such as the vascular system, brain and colon. Conformal mapping is used directly for determining the shape and geometric analysis of objects of various nature. Since the construction of the finite form method algorithm is very important in medical imaging.

Keywords: conformal mapping, conformal geometry, medicine, parameterization, structure conservation, Ricci flow, curves, hyperbolic disk, cerebral cortex, circulatory system, partial derivatives, analysis, Riemannian metric, visualization, colon.

Во многих областях медицины исследования визуализации могут помочь путем упрощения задачи, абстракции или снижению сложности. Как эти подходы, могут позволить улучшить рабочий процесс в медицинской используя более легкую коммуникацию посредством визуализации, важно поставить под сомнение их надежность и воспроизводимость. С развитием технологий получения трехмерных геометрических данных, массивные трехмерные геометрические данные сегодня повсеместно распространены в нашем современном мире. Поэтому в этой короткой статье мы исследуем, как конформное отображение, используется в медицинской визуализации, могут быть классифицированы по отношению к обрабатываемым данным и лежащим в их основе задачам. Это очень сложная задача для эффективной и точной обработки и анализа трехмерных геометрических данных.

Вычислительная конформная геометрия [1] — это развивающаяся междисциплинарная область, которая сочетает современную геометрию с информатикой и предлагает строгие и практические инструменты для решения масштабных задач по обработке геометрических данных. Концепции и методы конформной геометрии играют фундаментальную роль во многих областях техники и медицины.

Конформная геометрия изучает инварианты в группе конформных преобразований (отображение с сохранением углов). Конформная геометрия более гибкая, чем риманова геометрия, и более сложная, чем топология. Конформная геометрия способна объединить все формы в реальном мире в одну из трех канонических форм, сферу, плоскость или гиперболический диск; конформные геометрические алгоритмы преобразуют задачи трехмерной геометрической обработки в задачи 2D-обработки изображений; кроме того, все поверхности в реальной жизни имеют конформные структуры, поэтому конформные геометрические методы являются общими. Эти достоинства делают конформную геометрию мощным инструментом для реальных применений. Регистрация между наборами данных, а также статистическое сравнение.


Многие методы основаны на параметризации сетки, которая позволяет уменьшение поверхности от R^3 в R^2 . Это создает сложные структуры, а зачастую их легче понять людям и машинам. В следующем разделе будут рассмотрены конформные отображения в этой области (см. Таблица 1) и обсудим, как эти отображения помогают медицинской визуализации.

Таблица 1: Обсуждаемые методы классифицируются после их параметризации сетки с сохранением характеристик.

Название области	Тип метода
Сужение сосудистой системы	Квазиконформных, сохраняющих форму
Уплотнение поверхности коры головного мозга	Конформное отображение
Заворот толстой кишки.	Конформное отображение

Конформное отображение между двумя наборами сеток сохраняет углы локально вокруг точки, но не обязательно кривизну или размеры рассматриваемого сегмента. Приложения, использующие этот вид параметризации, обычно направлены на сохранение кривизны, а также углов, чтобы захватить изгиб лежащей в основе геометрии (см. Рисунок 1). Минимизация искажений, а также разрешение окклюзий направлены на то, чтобы сохранить общую форму существующих структур и особенностей. Такие методы, как сплющивание коры головного мозга и толстой кишки, используют это свойство для обнаружения структур, которые могут быть аномальными или проводить поверхностный анализ. Трубчатые структуры толстой кишки или сосудистые системы могут быть представлены на плоской карте, которая будет использоваться в качестве навигационной и локализационной поддержки для хирургов особенно когда структуры сложны.

Рисунок 1. Параметризация головного мозга



Заворот толстой кишки. Для виртуальной колоноскопии используются развернутые методики, при которых кривизна вдоль поверхности дает информацию о возможных полипах, которые накапливаются на внутренней стенке толстой кишки и могут превратиться в рак. Сохранение

структуры — это важно идентифицировать полип вручную или с помощью алгоритмов автоматического обнаружения. [4]

Уплотнение поверхности кары головного мозга. Визуализация мозга — это еще одна область, где конформное отображение находит применение. Измерение асимметрии, деформации или нейронной активности очень сложных трехмерных структур в человеческом мозге является важной областью в медицинской визуализации. Сохранение угла позволяет проводить поверхностную регистрацию через объекты для сравнения кортикальных областей. Однако существенно различные карты, генерируемые между различными подходами, могут сделать сравнение довольно трудным, как показал Баласубраманиан и др. [5]

Алгоритм создает плоскую карту используя FEM (Метод конечных элементов) для решения эллиптического уравнения в частных производных второго порядка, чтобы найти функцию отображения, так как топология мозга напоминает сферу. Используя поток Риччи для создания отображения без сингулярности. Анатомические ориентиры кривых используются для сопоставления поверхностей для исследования асимметрии, чтобы позволить обнаружить различия в кортикальной морфометрии.

Поток Риччи [2] является фундаментальным геометрическим инструментом для изучения геометрических структур и моделирования реальных физических явлений. Он был успешно применен в доказательстве гипотезы Пуанкаре, которая деформирует Риманову метрику пропорционально кривизне, так что кривизна развивается в соответствии с процессом диффузии тепла. Поток Риччи позволяет пользователям проектировать римановы метрики, используя предписанные гауссовы кривизны.

Сужение сосудистой системы. Уплотнение древовидных структур исследовано в работе Марино. Вычисляется карта, зависящая от точки зрения, которая является только квазиконформной, но и сохраняет форму, что позволяет легче распознавать трехмерные структуры в двумерной карте. Кроме того, помогает путем окклюзии свободно определить расположение различных кровеносных систем (см. Рисунок 2). Виртуальная бронхоскопия является хорошим примером, когда двумерные карты имеют преимущества с точки зрения навигации и локализации (см. Рисунок 3). [6]

Рисунок 2. МСКТ-3-D реконструкция сонных артерий. Стеноз левой внутренней артерии (стрелка)





Рисунок 2. БронхМентор - Виртуальная бронхоскопия



Поэтому Конформное отображение можно применять непосредственно для определения формы и геометрического анализа. Поток Риччи также может быть использован для вычисления общих отображений поверхности [3]. В последние годы теория потока Риччи была дискретизирована и применена для трехмерной регистрации человеческого лица и отслеживания деформируемой поверхности в компьютерном зрении; глобальной параметризации поверхности в компьютерной графике; конформного картирования мозга и виртуальной колоноскопии в медицинской визуализации; обнаружения гомотопии в вычислительной топологии; гарантированной транспортировки маршрутизации и балансировки нагрузки в беспроводной сенсорной сети и т. д.

Литература:

1. Gu DX, Zeng W, Luo F, Yau ST (2011) Numerical Computation of Surface Conformal Mappings. *CMFT 11*: 747-787.
2. Zeng W, Samaras D, Gu DX (2010) Ricci Flow for 3D Shape Analysis. *IEEE T Pattern Anal* 32: 662-677.
3. Zeng W, Lui ML, Luo F, Chan T, Yau ST, et al. (2012) Computing Quasiconformal Maps on Riemann Surfaces Using Discrete Curvature Flow. *Numer Math* 1-33.
4. BALASUBRAMANIAN M., POLIMENI J. R., SCHWARTZ E. L.: Near-isometric flattening of brain surfaces. *NeuroImage* 51, 2 (2010), 694–703.
5. HAKER S., ANGENENT S., TANNENBAUM A., KIKINIS R.: Non-distorting flattening for virtual colonoscopy. In *Medical Image Computing and Computer-Assisted Intervention–MICCAI 2000* (2000), Springer, 358–366.
6. ANGENENT S., HAKER S., TANNENBAUM A., KIKINIS R.: Conformal geometry and brain flattening. In *Medical Image Computing and Computer-Assisted Intervention–MICCAI 1999* (1999), Springer, 271–278.

ӘОЖ 347.133.5(574)

Амантаева Айдана Қамбарбекқызы

Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ студенті

«М056- Аударма ісі, ілеспе аударма (ғылыми-педагогикалық)»

Алматы, Қазақстан

aidana_12-06@mail.ru

Ғылыми жетекшісі:

философия ғылымдарының докторы, профессор Жаналина Ляззат Кабылдашевна

Алматы, Қазақстан

**ҚАЗІРГІ АУДАРМАТАНУДЫҢ ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ СОВРЕМЕННОГО ПЕРЕВОДОВЕДЕНИЯ
DIRECTIONS OF DEVELOPMENT IN MODERN TRANSLATION STUDIES**

Аннотация: мақалада аударма теориясының әртүрлі бағыттарына қысқаша талдау, сондай-ақ аударма қызметінің когнитивті аспектісін әзірлеу беріледі

Түйін сөздер: аударматану бағыты, когнитивті лингвистика, мәдениетаралық коммуникация

Аннотация: в данной статье дается краткий анализ различных направлений теории перевода, а также разработка когнитивного аспекта переводческой деятельности

Ключевые слова: направление в переводоведении, когнитивная лингвистика, межкультурная коммуникация

Abstract: in this article provides a brief analysis of various areas of translation theory, as well as the development of the cognitive aspect of translation activities

Keywords: direction in translation studies, cognitive linguistics, cross-cultural communication.

"Ғылым" деген бірінші сөзді американдық ғалым Ю. Найд өзінің «Toward a Science of Translation» [Nida, 1964] кітабында қолданғанын еске түсіру керек, орыс тіліндегі баламасына сәйкес келетін «аударматану», ағылшынша «Translation Studies» терминін алғашқылардың бірі болып Дж.Холмс 1972 жылы Копенгаген қаласында өткен халықаралық конгрессте өзінің ғылыми баяндамасында қолданған болатын. Баяндама сол жылы жарияланып, 1988 жылы ғылыми мақала ретінде жарық көрді. [Holmes, 1988]. Ғалым ел назарына «аударма картасын» (map of translation) ұсынды, онда ол аударма саласындағы болжамды зерттеулер жүйесін қарастыру, ғылымды "таза" және "қолданбалы" деп бөліп қарастыруды, теориялық және дескриптивтік аударматанудың ара жігін ажыратуды, сондай-ақ олардың әрқайсысы шеңберінде тиісті салаларды бөлуді ұсынды. ХХ ғ.80-ші жж. бастап аударматану бірте-бірте дербес ғылымға айналады, ол соңғы уақытта дәстүрлі тәсілдер (лингвистикалық, текстолингвистикалық, коммуникативтік) арнасында емес, мәдениеттанулық, герменевтикалық, семиотикалық, қызметтік, когнитивті-дискурсивтік және басқа да интеграциялық ғылыми парадигмалардың әсерінен қарқынды дамып келеді. Бұған, сөзсіз, шетелдік аударматанудың дамуындағы пәнаралық бұрылыс ықпал етті.

Отандық аударма тарихы ХVIII ғасырда Ресейдің дамуынан басталады. Өйткені, сол елдің тарихи жазбаларынан-ақ аударманың рөлін, эволюциясын көруге болады. Аударманың мәдениеттің қалыптасуына және тілдің дамуына тікелей әсерін байқауға болады. Еуропаға жасаған сапарынан кейін Петр мәдениетке бірқатар өзгертулер енгізгеннен кейін, сол мезетте аударма басты рөлге бола бастады.

Аударманың толық теориясын құрудың алғашқы әрекеттерінің бірі орыс ғалымдары Федоров А.В. мен Рецкер Я.И. еңбектерінде қолданылды. Олар «тұрақты сәйкестік теориясының» атауын алған аударманың «лингвистикалық теориясын» әзірледі. Олар аудармадағы екі түйінді ұғымды анықтады — «аудармашылық сәйкестік» және «аудармашылық қайта құрулар».

Аударма теориясы немесе аударматану қазіргі лингвистикада «аударма туралы ғылым» ұғымының синонимі ретінде қарастырылады. Кез келген ғылым сияқты, аударма теориясында да өзінің зерттеу пәні бар. Басқа ғылымдардан айырмашылығы аударма теориясының зерттеу пәні - яғни аударманың өзі – ерекше болып келеді. В.С.Виноградовтың пікірінше, «Введение в переводоведение» еңбегінде аударматанудың 3 негізгі бағыты бар деп айтады:

- 1) лексикалық
- 2) әдебиеттанулық
- 3) машиналық (қолданбалы, инженерлік)

Қазіргі уақытта аударма – пәнаралық және көп салалы ғылым, оның негізінде коммуникацияны лингвистика тұрғысында түсіну қажет. Аударманың жалпы лингвистикалық теориясын зерттеу пәні деп аударма, баламалылық, нормативті және сапа болып табылады. Аударма теориясындағы негізгі зерттеу әдісі деп - нақты мәтіндер немесе сөйлеу жағдайлары негізінде, олардың контекстерін терең ескере отырып, салыстыру айтады; ол аударма тәсілдері мен стратегияларына әсер ететін факторларды зерттейді.

Қазіргі уақытта аударма мәдениаралық қарым-қатынас процесінде басты функцияны атқарады, ол адамзатқа пайдалы және қажетті ақпаратты жинақтауда қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді, оның көлемі мен әртүрлілігі жылдам қарқынмен ұлғаяды. Мақсатты процесс ретінде кез келген коммуникацияның негізі- нақты әлемді және оны игеру бойынша адам қызметінің нәтижелерін көрсететін ақпарат болып табылады. Жеке социумның ішіндегі және одан тыс қарым-қатынас адамзаттың когнитивті әлемін манифестациялайтын тілдің арқасында мүмкін болады, ол тілде көрсетілген объектілердің белгілер жүйесіне қарағанда әлдеқайда бай тұжырымдамалық санаттардан тұрады. Көптеген тұжырымдамалық категориялар мәдениетаралық коммуникацияның негізі бола отырып, бізге тек ана тілі мен мәдениеті аясында ғана емес, сонымен қатар әлем түсінігімізді және оған деген көзқарасымызды басқа тіл мен басқа мәдениет тасымалдаушыларына көрсетуге мүмкіндік беретін лингвистикалық санаттарға бастау береді.

Қазіргі аударматану аударманы мәдениетаралық коммуникация нысаны ретінде қарастырады және мәдени контекстке бағдарлай отырып, мәдениетті әртүрлі кіші жүйелерден тұратын күрделі "жүйенің жүйесі" ретінде анықтайды: әдебиет, ғылым және технология. Аудармашы үшін тілдік конвенцияларға сәйкес, мәдениетаралық коммуникация процесіне қатысушылардың екеуін де түсіну үшін қол жетімді тілдердің жұптары өз міндеттерін кәсіби орындау үшін, яғни сәтті мәдениетаралық диалог қалыптастыру үшін де түсінікті кодтау және мағыналарды кодтау қажеттілігін түсіну болып табылады.

Аударманың қазіргі теориясы аударма тілі сияқты қарым-қатынас құралы болып табылады. Бұл теорияның атауы — аударманың коммуникативтік моделі болып табылады. Тіл аралық коммуникация актісі ретінде оның қандай да бір ерекшеліктерін көрсететін аударманың көптеген сипаттамасы бар. Оның кейінгі дамуы коммуникативтік теориясы көп жағдайда орыс ғалымдарының Комиссаров В.Н. мен Швейцар А. Д. зерттеулеріне тиесілі. "Аударма- адамдар өз ойларын әртүрлі тілдерде білдіргенде, тілмен қарым-қатынас функциясын орындауды қамтамасыз ететін маңызды көмекші құрал болып келеді. Осылайша, аударма тіл аралық коммуникация актісі ретінде түсіндіріледі».

Тағы бір маңызды мәселе, дәлірек айтқанда, аударма қызметіне тән процестердің аударматануын түсіну аударматанудың бағытын көрсетеді. Аударматанумен байланысты түрлі мәселелерді шешу оның даму бағытын анықтайды. Дамудың бір бағыты-лингвистикалық. Ол Ресей және сәйкесінше ТМД елдерінде әзірленген аударматану үшін тән.

Аударматану бағыттары жалпы аударматану шеңберінде бөлінеді, олар:

- 1) лингвистикалық бағыт
- 2) функционалдық бағыт
- 3) когнитивті бағыт
- 4) семантикалық бағыт

Ұзақ уақыт бойы аударма саласындағы зерттеулердің көп бөлігі тек қана лингвистика аясында жүргізілді, алайда өткен ғасырдың 80-ші жылдарынан бастап кейбір ғалымдар бастапқы мәтінді қабылдау мен қағазда аударма мәтінін жасау арасында аудармашының санасында не болып жатқанын түсінуге тырысып, психология мен когнитивистика саласындағы соңғы жетістіктерге жүгінді. Зерттеушілердің назары аударма үрдісінің когнитивті аспектісінде сыртқы ситуациялық контексттің аудармашының ішкі білім жиынтығымен қиылысу сияқты үрдістерге түсті. Аударманың когнитивті процестерін зерттеген кезде ғалымдар осы үдерістер үшін маңызды білім сақталып, аударма жасау кезінде белсендіріледі деп тұжырымдама жасады. Оған қоса "когнитивті бағыт" деп аталатын когнитивті лингвистикадағы бағыттарды анықтады. Ол жас термин және ол аударма сөздігінің жаңа түсінігіне айналады. Ол ақырын ғана тарала бастады. Когнитивті аспект-кейбір жұмыстарда "когнитивті бағыт" деп аталады. Және бұл когнитивтік лингвистиканың дамуымен байланысты болып келеді. Аударманың когнитивті аспектісін қолдану дурысырақ. Кейбір жұмыстарда "когнитивті аударма" деп те аталады. Бұл когнитивтік аударма

когнитивтік лингвистика бағыттарының дамуымен байланысты келеді. Соған орай, ол когнитивтік Лингвистикада 2 бағыттарды ерекшелейді:

1) когнитивті семантикалық

2) лингвомәдениеттану

Бұл екі бағыт аударматанудың когнитивтік бағыттарын қалыптастырады.

Балашова Е.Ю. отандық когнитивтік лингвистикада қалыптасқан ғылыми бағыттарды сипаттай отырып, екі негізгі көзқарасты бөліп көрсетеді: лингвомәдени және лингвокогнитивті. Лингвомәдени тәсіл ұлттық концептосфераның мәдениеттің санадан ерекшелігін зерттеуді көздейді. Сол үрдістерді зерттеген ғалымдар қатарына: Ю.С. Степанов, В.И. Карасик, В.В. Красных, В.А. Маслова, Н.Ф. Алефиренко және т.б. жатқызады. Бұл тәсіл тұжырымдаманы бейнелі, ұғымдық және құндылық құрамдас бөліктері бар мәдениеттің базалық бірлігі ретінде айқындайды, соңғысының басымдығымен (В.И. Карасик). Е.Ю. Балашова лингвокогнитивтік тәсілге әлем туралы білімнің негізінде "Социум тұжырымдамасына шығуды" қамтамасыз ететін концепт сияқты ментальдық ақпараттың бірлігі жататынына негізделген зерттеушілерді жатқызады. Тұжырымдаманы зерделеуге лингвомәдени көзқарас тұрғысынан оның ядро және периферия терминдерінде ұсынылған даралық моделін әзірледі. Когнитивтік лингвистикадағы аталған екі тәсілден басқа, сондай-ақ "ұғым" және "концепт" терминдерін тендестіретін мәдени тұжырымдамалардың психологиялық, психолингвистикалық, нейропсихолингвистикалық, семантикалық, логикотүсінушілік, логикалық талдауын және дәстүрлі лингвистика аясындағы көзқарасты Балашова Е.Ю. өз еңбектерінде бөліп көрсетеді.

Когнитивтік лингвистикадағы лингвомәдени бағытты Костин А.В. бөледі. Оның анықтамасы бойынша лингвомәдениеттану тәсілі тілдің кумулятивтік (жинақтау) қызметі туралы идеяға сүйенеді, соның арқасында онда халық тәжірибесі сақталады және атадан балаға беріледі, оның дүниетанымы мен оптимизмі жатады. Тіл, осы тұжырымдамаға сәйкес, әлемді алғашқы концептуализациялаудың және адам тәжірибесін рационализациялаудың әмбебап нысаны, әлем туралы бейсаналық стихиялық білімнің мәнері мен сақтаушысы, адам өміріндегі әлеуметтік маңызды оқиғалар туралы тарихи жадына ие болып келеді.

Воркачев Г.С. ауытуынша: "лингвомәдениеттану халық мәдениетінің, негізінен рухани, оның тілінде және сөйлеуінде көрініс тапқан, сонымен қатар бекітілген көріністерін зерттейді. Лингвомәдениеттанудың негізгі зерттеу бірлігі лингвомәдени концепт болып табылады, ол жалпы түрде мәдениет пен тілге "батырылған" пәннің маңызды белгілерінің жиынтығы ретінде ұғымға келіп түседі, егер лингвомәдениеттану жалпы лингвомәдениетті зерттеумен айналысатын болса, лингвоконцептология лингвомәдени тұжырымдамалар ұсынған лингвомәдениеттіліктің жекелеген фрагменттерін зерттейді". Красных В.В. өз кезегінде былай деді: "лингвомәдениеттану - тіл мен дискурста мәдениеттің көрінісі мен бекітілуін зерттейтін пән". Автор пәннің екі жақты нысанын анықтайды: бұл тіл мәдениет пен мәдениеттің тіл призмасы арқылы көрінісі мен фиксациясы ретінде келуі. Жеке бағыт ретінде пайда болған лингвокультурология өзінің дербестігін жалпы ғылымдар: мәдениеттану және лингвистика шеңберінде анықтайды

Костин А.В. лингвомәдени бағытына С.Г.Воркачев, В.В.Воробьев, В. Н. Телия, Г.В.Токарев, Ф.Ф.Фархутдинов, А.Т.Хроленко, В.М.Шаклеин және т.б. жұмыстарын мысал ретінде келтіреді. Бұл жерге тағы В.Г.Костомаров, Е.М.Верещагин, В.А.Маслова, В.В.Воробьевтың бір қатар жұмыстарын жатқызады.

Костин А.В. қазіргі когнитивтік лингвистикада бірқатар тәсілдерді бөліп көрсетеді: "С.А.Аскольдовтың ментальды-әрекеттік, Д.С.Лихачевтің жеке-сөйлеу, семантикалық (Н. Ф. Алефиренко, а. в. Вежицкая, В. В. Колесов, и. п. Михальчук, в. п. Нерознак), мәдениеттану (Ю. С. Степанов, В. И. Карасик), логикалық (Н. Д. Арутюнова, Т. В. Булыгина, А.Д. Шмелев, Г. В. Макович, Р. И. Павилеис, М. Р. Проскуряков, И. Г. Проскурякова), когнитивті (А. П. Бабушкин, Е. С. Кубрякова, З.Д. Попова, И. А. Стернин, Г. В. Токарев, А. Ф. Ришар, С. Х. Ляпин, В. А.Кравченко, Г. А. Волохина, Г. В. Быкова), лингва-мәдени (С. Г. Воркачев, А. В.Костин, В. Н.Телия, Ф. Ф. Фархутдинова).

Кубряков Е.С. когнитивті –семантикалық бағыттың негізін қалаушы болып табылады – білім құрылымын және олардың типтерін негізінен логикалық әдістермен және когнитивті-дискурсивті бағытты зерттеу, ол жалпы барлық қазіргі лингвистиканың логикалық дамуы болып табылады: "әрбір тілдік құбылыс когниция мен коммуникация қиылысында қаралған жағдайда ғана барабар сипатталған және түсіндірілген деп саналуы мүмкін.»; Когнитивтік лингвистиканың мақсаты "әрбір тілдік нысанға оның когнитивтік аналогын, оның тұжырымдамалық немесе

когнитивтік құрылымын (сол арқылы белгілі бір когнитивтік құрылым, пікір немесе білім құрылымы арқылы форманың мәнін немесе мазмұнын түсіндіре отырып) сәйкес қою ғана емес, сонымен қатар осы мазмұн үшін осы қаптамааны "таңдау немесе жасау себептерін түсіндіру".

Болдырев Н.Н. когнитивизмнің дамуының екі кезеңі – "ерте – логикалық немесе объективтік және тәжірибеге негізделген заманауи – эксперименталдық" туралы айтуға болатынын әділ айтады.

Біздің көзқарасымыз бойынша, бүгінгі күні анықталған когнитивтік лингвистиканың келесі мына бағыттары туралы айтуға болады:

мәдениеттану - концептілерді түрлі ғылымдардың мәліметтеріне сүйене отырып мәдениеттің элементтері ретінде зерттеу (Степанов Ю.С.). Мұндай зерттеулер әдетте пәнаралық, лингвистермен де орындалуы мүмкін болса да (когнитивтік лингвистика шеңберінде осы тәсілді қарауға мүмкіндік беретін) лингвистикамен ғана байланысты емес; бұл жағдайда тіл тұжырымдамалар туралы білім көздерінің бірі ретінде ғана әрекет етеді (мысалы, тұжырымдаманы сипаттау үшін осы тұжырымдаманы атайтын сөздің этимологиясы туралы деректер пайдаланылады);

лингвомәдениеттану - бұл мәдениеттің ұлттық құндылықтары мен ұлттық ерекшеліктеріне байланысты ұлттық лингвомәдениеттің элементтері ретінде тілдік бірліктермен аталған тұжырымдамаларды зерттеу: «тілден мәдениетке бағыты» (Карасик В.И., Воркачев С.Г., Слышкин Г.Г., Токарев Г.В.);

логикалық – тұжырымдамаларды логикалық әдістермен олардың тілдік нысанына тікелей қарамастан талдау (Арутюнова Н.Д., Павилёнис Р.И.);

когнитивті-семантикалық – зерттеу лексикалық және грамматикалық семантика тіл құралы ретінде мазмұны концептілердің құралы ретінде оларды модельдеу жылғы семантика тілі концептосфера (Кубрякова Е.С., Болдырев Н.Н., Рахилина Е.В., Лукашевич Е.В., Бабушкин А.П., Попова З.Д., Стернин И.А., Быкова Г.В.);

философиялық-семиотикалық - белгінің когнитивті негіздері зерттеледі (Кравченко А.В.).

Осы бағыттардың әрқайсысын қазіргі лингвистикада жеткілікті ресімделген деп санауға болады, олардың барлығы өздерінің әдістемелік принциптеріне ие (олардың бәрінен бұрын тұжырымдаманың сана бірлігі ретінде теориялық түсінігін біріктіреді) және олардың барлығы лингвист – когнитологтардың арасында өз жақтаушыларына ие, оларды барынша жеткілікті танымал ғылыми мектептер ұсынады.

Балашова Е.Ю. когнитивтік лингвистикадағы аталған екі тәсілден басқа, "ұғым" және "концепт" терминдерін теңдестіретін мәдени тұжырымдамалардың психологиялық, психолингвистикалық, нейропсихолингвистикалық, семантикалық, логикалық-ұғымдық, логикалық талдауын және дәстүрлі лингвистика аясындағы тәсілді де бөліп көрсетеді.

Әрине, кейбір ғалымдардың қандай да бір бағыттарға жатуы сияқты бағыттардың шектелуі жеткілікті шартты түрде (көптеген ғалымдар өз ғылыми қызметінің әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі тұжырымдамалар шеңберінде жұмыс істеді), бірақ біздің көзқарасымызша, мұндай жіктеу қазіргі заманғы отандық когнитивтік лингвистикадағы негізгі үрдістерді көрсетеді.

Когнитивті аударматану бағыттарына: когнитивті-семантикалық, концептуалды және когнитивті-дискурсивті сынды бағыттар жатады.

Аударматану бойынша әдебиеттерге жалпы шолу сол ғылымның дамуын, оның әр түрлі аспектілерінің түрліше жіктелуімен яғни оның аспектілерін білдіретін ғылымның пәнаралық базасын және негізгі ұғымдардың әр түрлі түсіндірілуін бейнелейді. Бұл аударматанудың даму бағытын, соның ішінде оның когнитивтік бағытын көптеген жіктеумен байланысты болып келеді.

Әдебиеттер:

- 1) Ю. Найд «*Toward a Science of Translation*», 1964
- 2) James S. Holmes «*Translated!: Papers on Literary Translation and Translation Studies*», 1988
- 3) Федоров А.В. «*Введение в теорию перевода*» М., 1953
- 4) Рецкер Я.И. «*О закономерных соответствиях при переводе на родной язык*» // *Вопросы теории и методики учебного перевода*. М., 1950
- 5) Виноградов В.С. «*Введение в переводоведение*» М., 2001
- 6) Грольман М.Б. «*История развития переводоведения как науки*» Казань ТГГПУ, 2009
- 7) Балашова Е.Ю. «*Концепты любовь и ненависть в русском и американском языковых сознаниях*» Саратов, 2004
- 8) Воркачев С.Г. «*Счастье как лингвокультурный концепт*» М, 2004

- 9) Кубрякова Е. С. «Начальные этапы становления когнитивизма: лингвистика - психология - когнитивная наука», 1994
- 10) Костин А.В. «Способы концептуализации обиходно-бытовых понятий в разножанровых произведениях В.И.Даля (на материале концепта «вода»)» 2002.

ӘӨЖ 811.161.(038)

Ф.Ж. Мамбетназарова

*Абылай хан атындағы ҚазХҚжәнеӘТУ студенті
«М056- Аударма ісі, ілесне аударма (ғылыми-педагогикалық)»*

Алматы, Қазақстан

jambulovna.08@mail.ru

**XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ АУДАРМА ТЕОРИЯСЫНЫҢ ЛИНГВО-
КОММУНИКАТИВТІК ЖІКТЕЛУІ
ЛИНГВО-КОММУНИКАТИВНАЯ КЛАССИФИКАЦИЯ ТЕОРИИ КАЗАХСКОГО
ПЕРЕВОДА XX ВЕКА
LINGUO-COMMUNICATIVE CLASSIFICATION OF THE THEORY OF KAZAKH
TRANSLATION OF THE TWENTIETH CENTURY**

***Аңдатпа:** Мақалада аударма теориясы ұғымы мен көркем аударма лингвистикасының тығыз байланыстары зерттелуде. Аударма ісі үрдісі тікелей қазақ тілдің лингвистикалық заңдылықтарына негізделген. Теория концепцияларына сүйене отырып, зерттеу жұмысында аударма ісі классификациясы мен лингвистикалық жіктеулері табылған.*

***Тірек сөздер:** лингвистика, аударма теориясы, көркем аударма, коммуникация.*

***Аннотация:** В статье рассматривается тесная связь между концепцией теории перевода и лингвистикой литературного перевода. Процесс перевода основан на языковых закономерностях казахского языка. Основываясь на понятиях теории, в данном исследовании были определены классификация и языковая система перевода.*

***Ключевые слова:** лингвистика, теория перевода, художественный перевод, коммуникация.*

***Abstract:** The article considers the close relationship between the concept of translation theory and the linguistics of literary translation. The translation process is based on the linguistic patterns of the Kazakh language. According to the concepts of theory of linguistics, the classification and language translation system were identified in the study*

Көркем аударма ұлттық әдебиеттің дамуын, оның басқа халықтар мәдениеті мен рухани байланысын көрсетеді. Көркем аударма лингвистикамен тығыз байланыста. Өйткені аударма үрдісі тікелей ұлттық тілдің лингвистикалық заңдылықтарына негізделеді. Аударма ісінің лингвистикалық негізде бағытталуы аударма қызметінің сипатын өзгерту болып табылады. Аударма мен лингвистиканың байланысын келесі көзқарасқа сүйеніп қарастыруға болады: аудармашы сөздерді емес, сөйлеу әрекеттерін аударарды. Сабақта да, баспада да ең бірінші тіл мәселелері аударманы талдағанда қарастырады. Аударма жасай білуді сол тілде оқып, шет тілді түсінуді жетілген формасы деп қарастырған. Аударма теориясы салыстырмалы әдебиеттанудың, қолданбалы лингвистиканың, филологияның арнайы бөлімі болып келеді.

Лингво-мәдени тұрғыдан, орыс тілінен қазақ тіліне бұрынды-соңды аудармаларды шолып өткенде, қазақ елінің әр қилы мәдени сатысына сай, аудармада орын алған үш түрлі әдістің бар екенін байқаймыз:

- Біріншісі — еркін аударма, бұл тәсіл түп нұсқаның тілін, әдеби ырғағын жетік білмеуден, түпнұсқаның өзіне тән ерекшелігін сақтаудан гөрі, аудармашының өзіне тиімділігін көрмеуден туады. Қысқасын айтқанда, еркін аударма әрбір елдің балаң кезінде, мәдени шеңбердің таран кезінде пайда болады.
- Аудармадағы екінші әдіс - сөзбе-сөз аудару. Бұл тәсіл, көбінесе, түпнұсқаның тілін мол түсінгендерде болады, соның әуеніне еріп, құлдық ұрудан шығады. Осыған қосымша ұлы елдің әдеби мұрасын аударғанда, ұзақ елдің уәкілдері жаза басудаи қаймығады да, әрбір жеке сөздерін де, тіпті нүктелерін де дәл түсіруді күйттейді. Осының салдарынан барып, аударма сіресіп шығады, істеп отырған еңбектерін аудармашылар да, оқырман жұртшылық та түсінбейтін болады. Мысалы, 1936 жылы А. С. Пушкиннің жүз жылдық мерекесіне арнап 3 томдық таңдамалы шығармалары қазақ тілінде жарық көрді. Алайда ол аудармалар ешкімді де қанағаттандырмады. Себебі, біріншіден, бізде аударма тәжірибесі әлі нығайған жоқ еді. Екіншіден, Пушкинді сөзбе-сөз беруге тырыстық. Үшіншіден, әдеби тіліміздің, әдеби ұғым, талғамның кемтарлығы да себеп болса керек [7.34].

- Аударманың үшінші тәсілі - балама (адекваттық) аударма. Бұл түрі интерпретация кезеңінде күрделі үрдіске ұшырайды. Мұны екі тілді бірдей білумен қатар, сол шетел түпнұсқасының ішкі сырын сарқа түсінегіндер орындайды. Оның үстіне автордың дыбыс ырғағын, тілі әдемілігін, сөз қолдану мәнерін қалтқысыз, жете ұғынатындар жасайды. Осыған қосымша екі елдің (аударушы ел мен аударылатын елдің) мәдени сатысы бірдей болған мезгілде ығы-жығы білінбей, тігісі жаттығып кетеді. Төл әдебиеті мен аударма әдебиетінің арасында айырма болмай қалады.

Бүгінгі ғылым дүниесінде пікір таластар туындауда: Аударма ісі тіл білімі немесе әдебиет зерттеу саласына басымрақ иеленеді ме? Жалпы айтқанда, аударма ісі аталмыш салаларынтолық камтиды.

Қазақ тіліне орыс елінің көркем әдебиетінен аудару тәжірибесі XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алды. Дәлірек айтқанда, 1879 жылы Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» еңбегінен көрініс тапты. Ареалдық жағдаяттарына байланысты, бірінші аударма тәжірибесі орыс тілінен дәстүрленді. Абай Құнанбаев 1882 жылы орыс классиктер А.С. Пушкин, Крыловтың шығармаларын аударуға кірісті. 1892 жылы

Ыбырай Алтынсарин аударған «Қарға мен түлкі» атты И.А. Крыловтың мысалының аудармасы жарыққа шықты. Үзіндісі:

Ашылып түлкі жүрді жапандарда,
Тамақ іздеп жол шекті сапарларға...
Ешнәрсені көре алмай келе жатса,
Көзіне түсті алыстан жалғыз қарға.

Уж сколько раз твердили миру,
Что лещь гнусна, вредна; но только всё не впрок,
И в сердце лещеца всегда отыщется уголок.
Вороне где-то бог послал кусочек сыру

1903 жылы Молда Нияз Бекимов А.С. Пушкин «Капитан кызы» романын аударды [6;32].

Үзіндісі:
Вожатый
Сторона ль моя, сторонушка,
Сторона незнакомая!
Что не сам ли я на тебя зашел,
Что не добрый ли да меня конь
завез: Завезла меня, доброго молодца,
Прытость, бодростьмолодецкая
И хмелинушка кабацкая.

Бастаушы
Өз жерім бе, апырым-ау,
Таныс емес бұл қай жақ!
Атым ба екен әкелген,
Мұнда қалай болдым тап?
Әлде еріксіз әкелген
Қызуы ма екен жастықтың
Ылаңы ма екен мастықтың.
Ескілікті жыр.

«Бұдан қырық жыл бұрын, дүние жүзілік әдебиет туындыларын былай қойғанда, орыс әдебиетінің бірде-бір тұтас шығармасы қазақ тіліне аударылған жоқ-ты, ал қазірде жүздеген кітап аударылды. - деді белді сыншымыз М. Қаратаев [8.57].

Осы екі сыншымыздың екеуіне де қосыла отырып, айтарымыз: тарих үшін «жүз жылдың» аз екені рас, «қырық жыл» одан да аз ғой! Алайда осы қырық, елу жылдың ішінде біздің әдебиетіміз қарыштап өсті. Оның үстіне ертеде дұрыс тани алмай келген Шоқан Уәлиханов, Ыбырай Алтынсарин, Абай Құнанбаевтар қатарға кіріп, бүгінгі үрім-бұтақтың сүйіп оқитын авторлары болды. XX ғасырдың ішінде Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Сәбит Мұқанов, Мұхтар Әуезов, Ғабит Мүсірепов, Ғаббас Тоғжанов, Жақан Сыздықов, Ғабиден Мұстафин, Сапарғали Бегалин, Әбділда Тәжібаев, Өтебай Тұрманжанов, Асқар Тоқмағамбетов, Қалмақан Әбдіқадыров, Ғалым Малдыбаев, Шахмет Құсайынов, Жұмабай Орманбаев, Мәжит Дәулетбаев, Тайыр Жароков, Ғали Орманов, Қажым Жұмалиев, Әбу Сәрсенбаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қасым Аманжолов, Дихан Әбілев, Мұхамеджан Қаратаев, Зейін Шашкин, Хамза Есенжанов, Есмағамбет Ысмайылов, Хамит Ерғалиев, Қалижан Бекхожин, Тахауи Ахтанов, Жұбан Молдағалиев, Сафуан Шаймерденов, Қуандық Шаңғытбаев, Сырбай Мәуленов, Ғафу Қайырбеков, Ілияс Есенберлин т. б. келіп жедел шықты да, өрге басты. Бұлар төл әдебиетіміздіңде, аударма әдебиетіміздің де бетке ұстары болды.

Осыған қосылатын аударма әдебиетінің де көрнекті азаматтары бар. Қадыр Тайшықов, Бейсембай Кенжебаев, Қасен Өзденбаев, Ғазиз Оспанов, Қасым Тоғызақов, Ахмет Елшібеков, Ғалым Ахметов, Белгібай Шалабаев, Ысқақ Дүйсембаев, Мұхтар Жанғалин, Әнуар Ипмағамбетов, Ісләм Жарылғапов, Мүсілім Базарбаев, Әбен Сатыбалдиев т. б. 1962 жылы «Көркем аударма

туралы» (С. Талжанов) атты еңбегі жарық көрді. Сонымен қатар Ә. Сатығбалдиевтің «Рухани казына» деген кітабында да көп нәрсе қамтылған болатын.

Жиырмамыншы жылдардың газет-журналдарынан біз, әсіресе, жаңадан қабылданған термин сөздердің жиі жарияланып тұрғанын көреміз. Соған байланысты жеке сөздердің аударылуы жайында да, қабылданған терминдердің дұрыс-бұрыстығы жайында да кейде пікірлер қозғалып отырған. Сол кездерде шығып жатқан аударма кітаптарды таныстыру ретінде жазылған қысқа-қысқа мақалалардан да мәдениетті қауымның бұл мәселе төнірегінде жиі ойлағанын аңғаруға болады.

«Аударма XX ғасырда халықтың рухани және мәдени өмірінің дамуына, оның әдеби тілінің өркендеуіне көп үлес қосты.

А. П. Чеховтың «Ұзақ» әңгімесі (Қара қарға) А. Баржиақсиннің тәржімалауымен «Айқап» журналының бетінде (1915 ж. №7, 8), ал «Хамелеон» (Құбылғы) әңгімесі «Қазақ» газетінде жарық көрді (8 шілде, 1915 жыл, №140)» [1;200].

Бұл аудармалар қарапайым оқырмандардың қызығушылығын арттыра түсті, олар соншалықты жеңіл тілмен жазылған еді. Әрине, бұл арада А. Чеховтың өзінің де әсерлі, әдемі, көркем тілінің де ықпалы аз болған жоқ. Бұл тәржімалардың ізін ала оның «Человек в футляре» (Құндақтағы адам) деген әңгімесі аударылып жарық көрді («Жаңа әдебиет», 1930, №8). Оны аударған А. Елшібекова болатын. «Әдебиет майданы» журналына басылып шыққан «Репка» (Шалғам) деген әңгімесі де Ә. Нұрпейісовтың аударуымен қазақ оқырмандарына жол тартты.

Сонымен Чеховтың аудармалары жиыла келе 1 том кітап болып жинақталып, оның таңдамалы шығармалары Е. Қойшыбаевтың редакциясымен жарық көрді, бұл кітапқа 65 әңгіме мен повестер топтастырылған еді, ондағы әңгімелерді аударғандар: Г. Ахметов, А. Елшібеков, Ф. Дінісламов, Н. Баймұхамедов, Е. Қойшыбаев, б. Кенжебаев, И. Дүйсенбаев, Г. Құдайқұлов, С. Қайнарбаевтар болды.

1959 жылы А. Чеховтың таңдамалылары топтастырылған 2 томдық шығармалары баспа бетін көрді, оған жазушының 29 әңгімелері мен повестері енгізілген болатын (Редакторлары С. Талжанов пен К. Орманбаев, қазақ жазушы-аудармашылары М. О. Әуезов, Г. Ахметов, Ж. Тілеков, Ж. Ысмағұлов, А. Шаншаров, Г. Оспановтар).

«Осылайша орыс жазушыларының ішіндегі ең көп шығармалары қазақ тіліне ең көп аударылған А. Чехов болды. Оның шығармаларының қазақ тіліне 121-і аударылса, оның 13 пьесасы мен 108 әңгімесі қазақ аудармашыларының шеберліктерінің өскендіктерін айқын дәлелдеп берді. Классик жазушының шығармалары көп қырлы, онда қарапайым юмор ауыр трагедиямен қосылып, сатқындық пен надандыққа үкім айтады. Сондықтан аудармашылар дашығарма желісіндегі идеяны, мазмұнды, тақырыпты, ой өзегін сақтап қалуға ұмтылды және бұл ұмтылыс өз жемісін берді деп есептеуге де болады».

А. П. Чеховтың қазақ әдебиетіне әсер етуі Б. Майлиннің қысқа әңгімелерінен қатты байқалды («Шұғаның белгісі») және Ғ. Мүсіреповтен де орыс жазушысының әңгімелеріндегі сарын аңғарылды («Оянған өлке»). Көркем сөздің асқан зергерлері М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. мұстафин оның шығармаларын аударды әрі әрі қарай насихаттап отырды. А. П. Чеховтың шығармашылық мұраларын зерттеуге Т. Ахтанов, М. Базарбаев, Ж. Сыздықов, И. Дүйсенбаев, С. Сейітов, С. Талжанов сияқты қаламгер-ғалымдар белсене атсалысты.

20-30 жылдардан бастап қазақ кітап шығару ісі аударма саласында барынша дамып, аударманың теориясы мен тәжірибесін ұштастыра білуге күш салды.

Ғылыми әдебиеттерде тұңғыш рет С. Сейфуллиннің аудармалары туралы айтылды (Ө. А. Айтбаев «Аударма ғылымы және оның зерттелуі» Аударманың лексико-стилистикалық мәселелері. – Алматы, 1987, 15 б).

Қазақстандағы аударма ісінің дамуы туралы айта отырып, М. Әуезовтың осы бағыттағы мақалаларына тоқталып кеткеніміз жөн. Оның «Ревизордың аудармасы туралы» деген мақаласы (Социалистік Қазақстан, 1936, №37), «Пушкин аудармасы қазақ әдебиетіне не берді?» (Қазақ әдебиеті, 1937, №9), «Қазақ сахнасындағы аударма пьесалар» («Социалистік Қазақстан», 1937, №49) деген мақалалары сол кездегі аударма өнерінің мәселелеріне тереңінен тоқталды.

«1937 жылдың 5 қаңтар күні «Казахстанская правда» газетінің бетіне «Евгений Онегин» қазақ тілінде» деген мақала жарық көрді, мұнда М. Әуезов тіл, стиль ерекшелігі мәселелерін, түпнұсқаның аударма мазмұнымен сәйкес келуі туралы сөз қозғады» [2.45].

І. Жансүгіров, Т. Жароков, Ә. Тәжібаев, М. Дәулетбаев, С. Талжанов, Қ. Аманжолов аудармаларын Абайдың аударма өлеңдерімен салыстыра отырып, оларға әділ баға береді, ол

аударма әдебиеттердің аударманың ажырағысыз бір бөлшегі екенін көрсетуге талпынады, орыс және қазақ халқының әдебиеттерінің өзара байланысын сөз етеді. М. Әуезов пен М. Қаратаев негізін салған қазақ аударматану өнері Ә. Сатыбалдиев («Рухани қазына», Алматы, Жазушы, 1965), С. Талжанов, («Көркем аударма туралы», Алматы, Жазушы, 1962), Қ. Нұрмаханов («Дәстүрлі достық» (мақалалар жинағы, Алматы, Жазушы, 1962), З. Тұрарбеков «Аударма туралы», Алматы, Жазушы, 1962), М. Әлімбаев («Өрнекті сөз – ортақ қазына» Алматы, Жазушы) және басқа еңбектерінде дамып, өрісі кеңейе түсті.

Аударманың теориясы мен тәжірибесімен айналысып жүрген ғалымдар қазақ, орыс және басқа да шет тілдеріндегі сапалы аудармалармен қатар сапасыз түпнұсқадағы мағына сақталмаған және көркемдік деңгейлері төмен шығармаларды да сынап көрсетті.

«Интернационализмнің қызыл жалауының астында жаңа социалистік қоғам тұрғызылды, жаңа социалистік мәдениет дами бастады. Барлық сатыдағы оқу орындарына арналған оқулықтар мен қосымша әдебиеттер аударма арқылы оқытыла бастады. Бастауыш мектептен бастап Жоғарғы оқу орындарына дейінгі аралықта жағдай осындай болды. Ғылыми- техникалық және ауылшаруашылық ғылымдарына қатысты кітаптар белсенді түрде тәржімаланып, «еңбекші» халықтың арасына жол тартты. Марксизм-ленинизм мен компартия мен кеңес үкіметінің кітаптары үздіксіз басылып, жарияланып отырды. Оның астарында әміршіл- әкімшіл жүйенің жатқандығы анық еді». Қазақстанда әсіресе аударма ісі 1934 жылы өткен Жазушылар Одағының II съезінен кейін қарқынды дамыды. М. Горький сол кезде баяндама жасағанда туысқан елдер арасында әдебиет пен мәдениетті қолдану арқылы тығыз байланыс орнатуға шақырды. Танымал ғалымдар А. Лейтес, Ю. Левин, Э. Эткинд өз шығармаларында ол кезде нақты әдеби үлгі, әдеби теория, аударма жөніндегі қағидалар қалыптаса қоймағанын, сондықтан қызды-қыздымен кірісіп кеткен жазушылардың көп ұзамай өз-өздерін жоғалтып алғандығын жазады. Аудармаларда бұрмаланған, түпнұсқадан ауытқыған шығармалар да жиі кездесіп жатты. Соның кесірінен ұлттардың айқын, шынайы бейнесі жоғалып кетті.

«Ал шын жүректен, өзара түсіністікпен жасалған аудармалар өз нәтижелерін көрсетті. Барлық жағынан алғанда бірдей, толық деңгейде аударылған шығарма болып М. О. Әуезовтің «Абай жолы» романы табылды. Автордың өзі оның орыс тіліне аударылуына қатыса отырып, керемет кейпінде жарыққа шығуына ықпал етті. Бұл үшін қазақ-орыс жазушылары Л. Соболев, А. Б. Никольский, З. С. Кедрин, Т. Нұртазин, Н. Анов үлкен еңбектер сіңірді» [3; 44].

Кеңестік Кезеңде көркем аударма мектебі қатты дамыды, ол орыс әдебиетіндегі бай аударма тәжірибесіне сүйенгеннен келген табыс еді. Бұл мектеп ұлттық мемлекеттердегі аударма ісінің жағдайын зерттеумен шұғылданды. Кеңес Үкіметінің барлық жағынан жиналған танымал теоретиктердің зерттеулері «Мастерство перевода», «Тетради переводчика», «Дружба народов» журналдарында басылып отырды. «Дружба народов» журналы мақалалар мен аудармаларды үздіксіз шығарып отырды. «Литературная газета» аударма мәселелері мен жағдайларына байланысты өткен пікірталастардың материалдарын жарыққа шығарды.

«Өзара қарым-қатынас күшейіп, бір халықтың рухани құндылықтарын екінші бір халыққа жеткізу ісіне жете мән берілді. Бұл байланысты біз М. О. Әуезовтің, Л. Соболевтің, М. Рыльскийдің, К. Чуковскийдің, С. Маршактың, Г. Гаччиладзенің, М. Лозинскийдің, Л. Гинсбургтың, Н. Заболоцкийдің және басқалардың есімдеріне қатыстырып айта аламыз» .

Қазіргі кездегі Қазақстандағы аударма ісіне келетін болсақ, қазақ тілінен шет тіліне аударылмаған бірде-бір жазушы, ақын жоқ деуге де болады [4; 128].

«Қазақ қаламгерлерінің шығармаларының орыс тіліне аударыла бастағандығы жайында көптеген мақалалар жарық көрді. Бұлар сонымен қатар аудармашылардың қателіктерін көрсететін сыни еңбектер де болды (Аударманың лексико-стистикалық мәселелері: Алматы, «Наука», 1997) және сол сияқты орыс тіліне басылып шыққан қазақ тіліндегі әңгіме, роман, повестердің немесе өлең-жырлардың жетістіктері жайлы да жазылды (Н. Сағындықов «Очерки истории поэтического перевода с казахского на русский язык».) және әдістемелік нұсқаулар (Н. Сағындықов «Основы художественного перевода», «Санат», 1996) және басқалары жарық көрді» [5; 200].

Қазіргі кезде көркемдік аударманың мәні айтарлықтай өскендігі соншалық – жаңа ғылым аудаома теориясы деген ғылым саласы пайда болды. аударма теориясының негіздерін қалыптастыруға әдебиетшілер, ғалымдар, сыншылар, тілшілер атсалысуда.

«Мәселен, А. Бориевтің «Киноаударма мәселесі» деген мақаласында («Қазақ әдебиеті» 1979, 8 маусым), К. Ахметованың «Мыңыншы аударма» («Қазақ әдебиеті», 1975, 21 ақпан)

көркемдік және қоғамдық-саяси әдебиеттер мен киноға арналған аударма материалдардың мәселелері қарастырылады».

Тіл білімінің аударма мен кездесуі 20 ғасырдың 2 жартысында жүзеге асты. Бұған бірнеше объективті және субъективті факторлар әсер етті. Лингвистердің назарын аударма мәселесіне бұруда үлкен роль атқарған жайт аудармашылық қызметтің сапасы жағынан өзгеруі болатын.

Соңғы кездерде теоретиктер мен аудармашылардың қазақ тіліндегі әдебиеттердің орыс тіліне аударылуын әлсіретіп алғанын ескерте кеткеніміз жөн. Есесіне аудармаға байланысты, оның теориялары мен тәжірибелеріне қатысты көптеген оқулықтар мен ғылыми қосымша кітаптар жарық көру үстінде.

Қорытынды:

Лингвистика өзінің бүкіл даму тарихында тек қана аударманың эквиваленттілігінен басқа кез-келген аударманың сенімділігіне қатысты. Соңғы уақытта лингвист-аударматанушылар эквиваленттіліктің тар аясынан шыға бастады. Егер адам тілді жақсы білсе, ал мәтін синтаксистік және семантикалық ережелерді қанағаттандырса, түсінуде қиындық тумады. Аудармашылық қызметтің әр жақтылығы басқа да ғылыми жұмыстардың қайнар көзі болуы мүмкін. Сондықтан да аударма ісі туралы ғылымында аудармашылықта әр түрлі мәдени-когнитивті, психологиялық, әдеби және басқа аспектілер бөлініп шығуы мүмкін. 20 ғасырдың бірінші жартысында көптеген тілшілер аударма ісінің мәселесіне қызығушылық танытпады, сондықтан лингвистикалық ғылымда құрылымдылық «структурализм» идеясы пайда болды. Тіл ғылымындағы нақтылық пен объективтілікке көз жеткізуді көздеген тілшілер тілдік құрылымның мынадай жақтарына басты назар аударды: тілді міндетті түрде бақылауға алу, пайымдау, өлшеу, сынау, тілдің лексикалық құрамын, оның синтаксистік құрылымы, синтагматикалық және парадигматикалық байланыстық бірліктерін, сол бірліктердің сәйкес келуі, тілдің мәтінге таралуын оның қолданудағы жиілігін қарастырады.

Әдебиеттер:

1. Әуезов М. *Әдебиет тарихы*. – Алматы: Ана тілі, 1991.
2. Ахметов З. *Лермонтов и Абай*. – Алма-Ата, 1954
3. *Лексико-стилистические вопросы перевода (опыты, размышления, обобщения)*, отв. редактор канд. филол. наук. У. А. Айтбаев, – Алма-Ата, Наука, 1987
4. Сағандықова Н. Ж. *Казахская поэзия в русском переводе. Монография*. – Алма-Ата: Наука, 1983
5. Сағандықова Н. Ж. *Основы художественного перевода*. – Алматы: Санат, 1996
6. Әуезов М. *Көркем аударманың кейбір теориялық мәселелері*. Алматы, 1957 жыл.
7. Нұрғалиев Р. *Арқау*. Алматы, Жазушы, 1991
8. Қаратаев М. *Әдебиет жайлы ойлар*. Алматы, 1957

Ашетаева Мадина Даутбеккызы
Ashetayeva Madina Dautbekkyzy
магистрант 2-го курса,
Казахский университет международных
отношений и мировых языков им. Абылай хана,
Алматы, Казахстан
ashetaevamadina1720@gmail.com

ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕВОДА ЛАКУН LINGUISTIC AND CULTURAL ASPECTS OF LACUNA TRANSLATION

Аннотация: В данной статье рассматриваются определения данные такому культур обогатённому явлению как лакуна, приводятся классификации видов и типов лакун, а также способы передачи лакун, разработанные различными западными, российскими и отечественными исследователями. На примерах показывается как применяются данные способы и необходимость восполнения или компенсирования национально-культурного колорита лакуны с целью сохранения прагматического потенциала переводного текста.

Ключевые слова: лакуна, безэквивалентная лексика, культура, соответствие, картина мира

Summary: This article discusses the definitions given to such a culturally enriched phenomenon as a lacuna, classifies the types and kinds of lacunas, as well as the ways of translating lacunas developed by various Western, Russian, and national researchers. The article shows by example how these ways are used and the need to fill in or compensate the national-cultural flavor of lacuna to preserve the pragmatic potential of the translated text.

Keywords: lacuna, equivalent-free vocabulary, culture, correspondence, world picture

Как известно, одной из основных проблем в теории и практике перевода - является лакунарность. Исследование феномена лакуны стремительно развивалось с 1950-х годов и лакуны стали рассматриваться в рамках этнопсихолингвистики, культурологии, межкультурной коммуникации, лингвокультурологии и переводоведения. Термин «лакуна» происходит от латинского lacuna, что обозначает «углубление, впадина или пустота, брешь».

Слово лаконичный (laconic) произошло от названия региона, в котором считалось, что спартанцы говорили кратко [1]. Слово «лакуна» функционирует в метаязыке различных гуманитарных наук, таких как, музыка, юриспруденция, психология. Лакуны как пустые клетки в языке и культуре оперируют меж-, внутри-, контрастирующим, имплицитным, культурологическим и парадигматические векторами [2]. В переводческих исследованиях лингвистические лакуны обычно называют культурно-специфическими словами, связанными с культурой реальности, которые описываются как слова или фразы, обозначающие объекты или понятия, существующие в одних культурах и не существующие в других.

Остановимся на определениях, которые были даны разными учеными, где подчеркивается определенная черта лакуны. Так, например, канадские учёные Ж.П. Вине и Ж. Дарбельне, став первыми, кто ввел данный термин в обиход лингвистики, определили лакуну как "явление, которое имеет место всякий раз, когда слово одного языка не имеет соответствия в другом языке" [3]. Теорию лакун разработали такие российские ученые, как Я. Сорокин, И. Марковина, И. Стернина, а также ряд ученых-переводчиков - С. Влахова и С. Флорина, В. Комиссаров и многие другие явились разработчиками переводческих аспектов лакунарности в русском и английском языках. Большинство лингвистов (Ю.С. Степанов, В.Л. Муравьев и др.) также определяют лакуну как недостающее в данном языке слово (устойчивое словосочетание) другого языка, выражающее понятие, для передачи которого "в этом языке требуются более или менее пространственные перифразы" [4]. Соглашаясь с ними, В.Г. Гак, всё же более ёмко объясняет явление лакунарности, подчеркивая ее исключительно языковую сторону, считая, что лакуны – это "пропуски в лексической системе языка, отсутствие слов, которые, казалось бы, должны были присутствовать в языке, если исходить из его отражательной функции (т.е. его задачи обозначать явления объективной действительности) и из лексической системы языка" [5]. В соответствии с вышеуказанными точками зрения лакунами для англоязычной аудитории будут считаться такие

русские слова как «бытие», «беспредел», «подвиг», поскольку их соответственные эквиваленты в английском языке не могут быть переданы при помощи только одного слова, но лишь посредством словосочетаний или описательного перевода. «Бытие» - философская категория слова, которая переводится в русско-английских словарях как «being» (жизнь). Бытие – это объективная реальность, которая не зависит от человеческого сознания, а не просто жизнь. Понятийный смысл «бытие» объемнее чем «being». В своем исследовании Элиот Боренштейн описывает «Беспредел» как «отсутствие ограничений», нарушение не только закона, но и моральных и социальных норм. Слово «Беспредел» невозможно перевести одним словом на английский язык: total lawlessness, travesty of justice, without rule of law. Эти варианты переводов подразумевают больше «беззаконие» чем «беспредел». Интересно, что В.Л. Муравьев считая лакунами слова, имеющие иноязычное происхождение, а также те устойчивые словосочетания, выражающие понятия, которые не закреплены языковой нормой языка, указывает на необходимость учета соответственного уровня речи или регистра, чтобы адекватно и полно передать компенсируемый смысл лакуны. В свою очередь, Ю. А. Сорокин изучает лакуны как пробелы, «белые пятна» в семантической картине языка, текста или культуры, при этом являющиеся способами существования и выражения национального сознания. Другой подход к пониманию лакун показывает В. И. Жельвис, который определяет лакуны как «несоответствия, возникающие при сопоставлении понятийных, языковых и эмотивных категорий двух локальных культур», указывая на важность сопоставительного анализа лакун, благодаря которому можно выявить абсолютную лакуну. Согласно Л. С. Бархударову, лакуны - разновидность безэквивалентной лексики, являющиеся единицами словарного состава одного из языков, «которым по каким-то причинам нет соответствия в виде слов или устойчивых словосочетаний другого языка» [6]. Обобщая подходы исследователей, мы сформулировали собственное понимание данного феномена. Лакуна – это концепты, которые существуют в сознании, но по каким-то историческим или культурным причинам не передаются в языке.

Подводя итоги по данным полученным при исследовании определений лакуны можно сделать следующие умозаключения: 1) в лингвистике не существует единой, универсальной точки зрения по пониманию природы этого термина, поскольку каждый исследователь по-своему трактует данное понятие исходя из важных характеристик для него; 2) в современной лингвистике обозначаются два подхода к толкованию данного термина – узкий и широкий. Узкий подход ограничивается тем, что не существует какой-либо единицы языкового уровня в одном из сопоставляемых языков, этот подход берет во внимание безэквивалентную языковую природу лакуны. Второй или более широкий подход уникален тем, что здесь лакуны рассматриваются как на эксплицитном, так и на имплицитном уровнях, где при сопоставлении учитываются языковой, экстралингвистический, а также культурный уровни. Следовательно, роль и важность лакуны в описании национальной картины мира, в отражении национально-культурного колорита исходного текста велика, так как она, выражаясь в реалиях, пословицах, поговорках, афоризмах, фразеологических единицах, несет в себе ценностные фрагменты культуры какого-либо народа. Попова и Стернин приравнивают лакуны безэквивалентным словам, не имеющим адекватных слов в других локальных культурах, выступающим как этномаркированные средства.

Признавая неоспоримое влияние культурных факторов на процесс перевода, следует, однако, избегать преувеличения их роли. Культурно-этнографическая концепция перевода приписывает культурным различиям самостоятельную, обособленную роль, видя в них основную переводческую проблему – «Переводятся не языки, а культуры». Такой подход, однако, не учитывает своеобразный характер взаимодействия языка и культуры, упрощая гораздо более сложную действительность: культурные различия, взаимодействуя с языком, отражаются в нём и составляют часть различий в «картинах мира», создаваемых языками.

Особенности культуры закреплены в языке в виде национально-специфических единиц, среди которых лакуны и реалии, входят в значения языковых единиц в виде разноплановых коннотаций и влияют на их употребление. Помимо того, что культура в той или иной мере «автоматически» привносится в текст культурными коннотациями языковых знаков, она ещё может выступать в нём как объект описания или упоминания (культурно-исторические события, нравы, обычаи и т.д.). Поэтому перевод с языка на язык почти всегда в той или иной мере предполагает и «перевод» из одной культуры в другую. [7]. Для совершенства перевода необходимы экстралингвистические знания, которые, если не по значению, то по объёму, оказываются намного важнее лингвистических знаний. Но всё это происходит в сложном, многослойном процессе взаимодействия языков и культур. Лакунарность воплощается в уникальности и идиоматичности национальной культуры, менталитете людей. В «зеркале» культуры мы видим лишь частичное

отражение, ясность которой зависит от качества процессов исключения или компенсации. Умение передать каждый конкретный элемент из одного текста в другой важно для студентов и будущих переводчиков, а также формирование языкового и культурного мировоззрения переводчика, основано на научном и базовом мировоззрении мир (например, знание отраслевой терминологии и названий предметов повседневного обихода).

Поскольку в нашей статье лакуны рассматриваются сквозь призму лингвокультурологических аспектов перевода, которые предполагают выявление различий текста оригинала и перевода, обусловленных не только языковой формой, но и факторами культуры, то взаимосвязь языковых и культурологических аспектов понимается нами как сложная синергетическая система отношений, в которых нельзя выделить приоритетность языка и культуры в отдельности, так как культура постигается через язык.

Исследуя лакуны, мы убедились, что лакуны это комплексный, системный феномен, состоящий из множества аспектов, поэтому детальное классифицирование лакун по единому принципу очень трудоемкая задача. По причине того, что лакуны не являются постоянной, застывшей категорией, они эволюционируют вместе с развитием лексики языка и его бытовых понятий одни и те же лакуны попадают сразу в несколько групп (Махонина, Стернина, 2005).

Это связано с тем, что язык не статичен, он представляет собой динамичную, активную систему, которая постоянно меняется и развивается под действием как лингвистических, так и экстралингвистических факторов. Тем не менее, мы хотим представить ряд типологий лакун, выделенных различными учеными, которые наиболее точно и четко разграничивают лакуны, учитывая их интегративную природу. Английский теоретик и практик перевода Дж. Кэтфорд посчитал необходимым разделять языковую и культурную неперебиваемость, то есть лакуну. Как понимает Дж. Кэтфорд под языковой неперебиваемостью является отсутствие эквивалента в языке перевода в виду разницы двух языковых систем и огромное количество безэквивалентных грамматических, лексических, стилистических и фонологических структур [8].

В.Л. Муравьев является автором одной из ранних классификаций лакун, ставшей базой для многих других исследований в области типологии лакун. Он выделял следующие виды лакун: 1) абсолютные, связанные с невозможностью выразить в одном языке понятие, выраженное в другом языке; 2) относительные, которые выявляются, когда слова с общим значением существуют в обоих сравниваемых языках, но резко различаются по частоте употребления; 3) стилистические, выделяемые на основании отсутствия в одном из сопоставляемых языков слова, стилистически окрашенного так же, как и слово с тем же значением в другом языке; 4) векторные, обусловленные несомпадением понятийных объемов слов в сопоставляемых языках.

В более поздней классификации лакун И.Ю. Марковиной и Ю.А. Сорокина достаточно исчерпывающе отражена сложная структура лакун как явления. В соответствии с их классификацией лакуны делятся на три крупные категории, подразделяющиеся на более мелкие подвиды: лингвистические (языковые и речевые лакуны: лексические, грамматические, стилистические), культурологические (этнографические, психологические, поведенческие, кинесические). Языковые (лингвистические) лакуны обусловлены структурно-языковыми расхождениями и их возникновение может быть не связано с внеязыковой деятельностью людей. Жизнь, быт, реальность, окружающие людей, говорящих на разных языках, могут быть очень похожими, но понятия, находящие выражение в одном языке, могут при этом не иметь такого выражения в другом [9].

Лакуна - почти единственное явление, которое подчеркивает и доказывает уникальность языка, мышления и красоту того или иного народа, тем самым вызывают трудности при переводе. Безэквивалентная лексика или лакуны - взаимосопоставимые единицы, которые могут относиться к разным референтам этнических культур. Культурные или лингвистические характеристики лакун могут приводить к пробелам (gaps) в переводе или при попытке расшифровки их смысловой и культурной нагрузке.

